«Wunderkind-2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2024 - 2025, 2025 - 2026, 2026 - 2027 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

(2026 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша)

Жітіқара қ.

Өзін-өзі бағалаудың мазмұны

№	Бөлімдер мен өлшемшарттар	Бет
1.	**Жалпы сипаттағы өлшемшарттар**	**3**
	1-өлшемшарт. Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы	4
	2-өлшемшарт. Білім беру ұйымы басшысының педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі	4
	3-өлшемшарт. Мектепке дейінгі ұйым түрінің білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі	5
	4-өлшемшарт. Алқалы органдардың бекітілген жұмыс жоспарлары мен отырыс хаттамаларының болуы; білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайлармен қамтамасыз ету	6
2.	**Кадрлық құрамға қойылатын өлшемшарттар**	**9**
	5-өлшемшарт. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлықты растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	10
	6-өлшемшарт. Біліктілік санатының деңгейін арттырған/растаған педагогтердің үлесі (бес жылда кемінде бір рет; басшылар – үш жылда кемінде бір рет)	11
	7-өлшемшарт. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі (үш жылда кемінде бір рет)	11
3.	**Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар**	**12**
	8-өлшемшарт. Балалардың жасын ескере отырып жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы	12
	9-өлшемшарт. Бір жастағы және әр жастағы қағидат бойынша жас топтарының толықтырылуына қойылатын талаптардың сақталуы	12
	10-өлшемшарт. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған кезде топтарды жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуы	13
4.	**Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар**	**14**
	11-өлшемшарт. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың МЖМБС, ҮОЖ және ҮОБ талаптарына сәйкестігі	14
	12-өлшемшарт. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС-та көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлерімен қамтамасыз ету	17
	13-өлшемшарт. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық саламаттылығы мен дамуын қамтамасыз ететін дамытушы ортаны құру	19
	14-өлшемшарт. ЕБҚ бар балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау	22
	15-өлшемшарт. ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы	26
	16-өлшемшарт. Баланың жеке даму картасындағы бақылау (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелері бойынша іс-шаралар өткізу	32

	17-өлшемшарт. Оқу жылының басында жас тобына ауыстыру және оны қалыптастыру бойынша талаптардың сақталуы	32
	18-өлшемшарт. Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту	33
5.	**Материалдық-техникалық жарақтандыруға қойылатын өлшемшарттар**	**36**
	19-өлшемшарт. Жабдықтар мен жиһаздың жарақтандыру нормаларына сәйкестігі	36
	20-өлшемшарт. Бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік шарттарының сақталуы	37
6.	**Оқу-әдістемелік және цифрлық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар**	**39**
	21-өлшемшарт. Мектепалды даярлық бойынша ҮОБ-ты іске асыруға арналған оқу-әдістемелік кешендердің болуы	39
	22-өлшемшарт. Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы	40
	23-өлшемшарт. Тәрбиелеу-білім беру процесінде цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілу және оларды пайдалану	43
	24-өлшемшарт. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz аймағында домендік атаудың болуы	45
	1-қосымша. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттары	46

1. Жалпы сипаттағы өлшемшарттар

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының атауы: «Wunderkind-2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 110700, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, 6 шағын аудан, 29 құрылыс.

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 110700, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, 6 шағын аудан, 29 құрылыс.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Макарова Алина Геннадьевна – серіктестіктің құрылтайшысы (қатысушысы). 2023 жылғы 20 шілдедегі №1 қатысушының шешімімен «Wunderkind-2023» ЖШС директоры лауазымына тағайындалған. Телефон: 87024190059, e-mail: lina.milostnaya@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Жултаева Татьяна Петровна – атқарушы директор. «Wunderkind-2023» ЖШС құрылтайшысының 2024 жылғы 15 сәуірдегі №10 бұйрығымен атқарушы директор лауазымына тағайындалған. Телефон: 87711908400. Ақпарат алу үшін байланыс жасайтын тұлғаның Т.А.Ә.: Жултаева Татьяна Петровна – атқарушы директор (87711908400); Жанаханова М.А. – әдіскер (87478629796).

Ашылған жылы – 2023 жыл | Жобалық қуаты – 120 орын | Меншік нысаны – жеке

1-өлшемшарт. Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы

Құқық белгілейтін құрылтай құжаттары: Білім беру ұйымы өз қызметінде жалғыз құрылтайшының 2023 жылғы 20 маусымдағы шешімімен бекітілген жарғыны басшылыққа алады.

Рұқсат беру құжаттары: Білім беру саласындағы қызметті бастағаны туралы 2023 жылғы 1 шілдедегі № KZ19RVK00049809 хабарлама талоны.

Медициналық кабинет: 2023 жылғы 26 шілдедегі медициналық қызметпен айналысуға лицензия

1-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл

2-өлшемшарт. Білім беру ұйымы басшысының педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі

Әкімшілік: Атқарушы директор Жултаева Татьяна Петровнаның екі білімі бар: «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары педагогикалық білім (Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті, 2006 жыл) және «Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие» мамандығы бойынша кәсіптік білім (Қостанай педагогикалық училищесі, 1982 жыл). Жұмыс өтілі: 42 жыл. Біліктілікті арттыру курстары: 2023 ж. – «Инклюзивті білім беру» (80 сағ, №120109); 2025 ж. – «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи тәсілдері мен құралдары» (80 сағ, №020437); 2026 ж. қыркүйек –

«Білім беру ортасында білім алушылардың буллингі мен жанжалды мінез-құлқының алдын алу» (80 сағ, «QazBilik» ЖШС, №QAZ-BUL-076).

2-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – басшы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог

лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) біліктілік талаптарына сәйкес келеді: жоғары педагогикалық және бейіндік мектепке дейінгі білім, 42 жыл педагогикалық өтіл, оның ішінде 17 жыл – басшылық, соңғы 2,5 жыл – мектепке дейінгі ұйымда; тағайындау жарғыда және еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген.

3-өлшемшарт. Мектепке дейінгі ұйым түрінің білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі

1. 3-өлшемшарт бойынша ұйым өзін 5 баллға бағалайды: мектепке дейінгі ұйымның түрі – бөбекжай-бақша – Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында көзделген және топтардың нақты құрылымына әрі тәрбиеленушілердің жасына (2 жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейін) толық сәйкес келеді.

Ұйым түрінің сәйкестігі мыналар негізінде бағаланады:

- Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы (ҚР БҒМ 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы, өзгерістерімен) – «Мектепке дейінгі ұйымдар» бөлімі: бөбекжай-бақша, балабақша, отбасылық бөбекжай-бақша, санаторлық бөбекжай-бақша, мектепке дейінгі шағын орталық, арнаулы бөбекжай-бақша, арнаулы балабақша;
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша) – 5-тармақ (мектепке дейінгі ұйымдар түрлерінің сипаттамасы), 6–8-тармақтар (топтарды жасақтау және толықтыру), 14-тармақ (ауыстыру және шығару мерзімдері);
- «Wunderkind-2023» ЖШС жарғысы.

2. Үлгілік қағидалар бойынша мектепке дейінгі ұйымдар түрлерінің сипаттамасы

Үлгілік қағидалардың 5-тармағы мектепке дейінгі ұйымдардың түрлерін ең алдымен қабылданатын балалардың жасы және ерте жас топтарының болуы бойынша ажыратады. - «Wunderkind-2023» ЖШС жарғысы.

2. Үлгілік қағидалар бойынша мектепке дейінгі ұйымдар түрлерінің сипаттамасы

Ұйымның түрі	**Үлгілік қағидалар бойынша сипаттамасы**	**«Wunderkind-2023» ЖШС-ға қолданылуы**
Бөбекжай-бақша	бір жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған ерте жас, мектепке дейінгі және мектепалды жас топтары	сәйкес келеді: ерте жас тобы (2 жас), мектепке дейінгі жас топтары (3–4 жас), мектепалды тобы (5 жастағы балалар)

Ұйым балаларды екі жастан қабылдайтындықтан және ерте жас тобы бар болғандықтан, бөбекжай-бақша болып табылады.

3. Сәйкестікті растау

3.1. Жарғы: Қызмет нысанасы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (4-бөлім); балаларды 2 жастан қабылдау (6.1-т.).

3.2. Топтардың нақты құрылымы:

Оқу жылы	Ерте жас тобы (2 жас)	Мектепке дейінгі және мектепалды жас топтары	Барлық топтар
2024–2025	«АБВГДейка» (орыс тілі)	«Ақбота» (3 жас), «Жұлдыздар» (4 жас), «Смышлята» (5 жас); 07.03.2025 бастап – «Любознайки» (3 жас)	4, 2025 жылғы наурыздан бастап – 5
2025–2026	«Смышлята» (орыс тілі)	«АБВГДейка» (3 жас), «Ақбота» (4 жас), «Жұлдыздар» (5 жас), әр жастағы «Любознайки» (4–5 жас)	5
2026–2027	«Жұлдыздар» (қазақ тілі)	«Смышлята» (3 жас), «АБВГДейка» (4 жас), мектепалды «Ақбота» және «Любознайки» (5 жас)	5

3-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – мектепке дейінгі ұйымның «бөбекжай-бақша» түрі ҚР нормативтік актілеріне толық сәйкес келеді.

4-өлшемшарт. Алқалы органдардың бекітілген жұмыс жоспарлары мен отырыс хаттамаларының болуы; білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайлармен қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) сәйкес ЖШС-да алқалы органдар жұмыс істейді: Педагогикалық кеңес, Әдістемелік кеңес, Қамқоршылық кеңес, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес.

1. Педагогикалық кеңес.

Педагогикалық кеңес жылына кемінде 5 жоспарлы отырыс өткізеді: бағаланатын кезеңде 11 жоспарлы және 4 жоспардан тыс отырыс өткізілді (02.10.2024 – ПМПК-ға жолдау; 03.02.2025 – МЖМБС пен ҮОЖ-ға өзгерістер; 07.03.2025 – бесінші топты ашу; 03.10.2025 – ПМПК-ға жолдау, тәлімгерлік). Барлығы хаттамалармен ресімделген.

Жергілікті актілер және құрамы. Педагогикалық кеңес туралы ереже педкеңесте қаралғаннан кейін (2024 жылғы 29.05. № 5 хаттама) 29.05.2024 жылғы № 50 бұйрықпен бекітілді. Құрамына ұйымның барлық педагогтері кіреді, төрағасы – атқарушы директор, хатшысы – Жанаханова

М.А. Құрамы жыл сайын бұйрықпен бекітіледі және педагогтерді қабылдау мен жұмыстан шығару кезінде өзгерістер енгізу туралы бұйрықтармен өзектендіріледі:

- 2024–2025 – 29.08.2024 жылғы № 66 бұйрық (өзгерістер: 26.09.2024 жылғы № 79, 27.01.2025 жылғы № 29-1, 10.02.2025 жылғы № 36, 13.03.2025 жылғы № 41);
- 2025–2026 – 29.08.2025 жылғы № 66 бұйрық (өзгерістер: 15.09.2025 жылғы № 74, 20.11.2025 жылғы №

  75, 20.02.2026 жылғы № 34, 13.04.2026 жылғы № 37);
- 2026–2027 – оқу жылына арналған құрам туралы бұйрық.

Жұмыс жоспарлары бағдарлы педкеңестерде қаралып, бұйрықтармен бекітілді: 2024–2025 жылға – 29.08.2024 жылғы № 70; 2025–2026 жылға – 29.08.2025 жылғы № 67; 2026–2027 жылға – 28.08.2026 жылғы № 52. Әр жоспарда 5 отырыс көзделген.

Жүйелілік. Хаттамалардың күн тәртібі мәселелердің құрамы мен мазмұны бойынша бекітілген жоспарларға сәйкес келеді. Әр отырыс алдыңғы отырыс шешімдерінің орындалуы туралы есеппен ашылады; шешімдерде мерзімдер, жауаптылар және бақылау нысаны көрсетіледі. Барлық отырыстарда кворум сақталды. Жоспардан тыс отырыстар Ережеде көзделген негіздер бойынша шақырылып, ППСҚ мен әдістемелік кеңестің шешімдерімен дайындалды. **Білім беру бағдарламаларын іске асыру жағдайларымен қамтамасыз ету.** Педагогикалық кеңес жұмыс оқу жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, перспективалық жоспарлауды, әдістемелік қызмет пен Әдеп жөніндегі кеңестің жоспарларын бекітеді, балалардың даму мониторингінің нәтижелерін, инклюзия, тәлімгерлік және педагогтерді аттестаттау мәселелерін қарайды.

- **2. Әдістемелік кеңес**

Әдістемелік қызмет (әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық топ) № 253 Қағидаларға сәйкес құрылған және жұмыс істейді: кезеңде әдістемелік кеңестің 11 жоспарлы және 2 жоспардан тыс отырысы өткізілді (31.01.2025 – МЖМБС пен ҮОЖ-ға өзгерістер; 03.03.2025 – бесінші топты ашу).

Жергілікті актілер. 02.09.2024 жылғы № 72 бұйрықпен әдістемелік қызмет құрылып, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер және шығармашылық топ туралы ережелер бекітілді.

Төрағасы – әдіскер; ӘБ жетекшілері – «педагог-модератор» біліктілік санаты бар педагогтер.

Құрамы мен жұмыс жоспарлары педагогикалық кеңестің шешімі негізінде жыл сайынғы бұйрықтармен бекітіледі: 2024–2025 жылға – 02.09.2024 жылғы № 73; 2025–2026 жылға – 29.08.2025 жылғы № 68 (жаңа әдіскердің тағайындалуына байланысты құрам өзгерісімен); 2026–2027 жылға – 28.08.2026 жылғы №

57. Жоспарда жылына 5 отырыс көзделген.

Жүйелілік. Хаттамалардың күн тәртібі жоспарларға сәйкес келеді; әр отырыс шешімдердің орындалуы туралы есептен басталады; кворум (кемінде 2/3) сақталды. Әдістемелік кеңес педкеңеске құжаттардың жобаларын дайындайды: тамыз айындағы отырыстар – бағдарлы педкеңеске, жоспардан тыс отырыстар – 03.02.2025 және 07.03.2025 жоспардан тыс педкеңестерге. Әдістемелік кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады және Ережеде белгіленгендей педкеңес немесе бұйрық бекіткеннен кейін күшіне енеді.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру жағдайларымен қамтамасыз ету. Әдістемелік кеңес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (14.10.2022 жылғы № 422 бұйрық редакциясындағы 12.08.2016 жылғы № 499 бұйрық) бойынша жұмыс оқу жоспары мен перспективалық жоспарлауды қарайды, тәлімгерлік жоспарларын, өздігінен білім алу тақырыптарын келіседі, мониторингті және педагогтерді әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастырады.

- **3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес**

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылған және тоқсанына кемінде бір рет отырыс өткізеді: кезеңде 9 отырыс өткізілді, барлығы жоспар бойынша.

Құрылуы және құрамы. Кеңес бағдарлы педагогикалық кеңесте (29.08.2024 жылғы № 1 хаттама) үш жыл мерзімге (2027 жылғы қыркүйекке дейін) сайланды. 02.09.2024 жылғы № 74 бұйрықпен Кеңестің құрамы мен Ережесі бекітілді. Құрамында 7 мүше (Үлгілік қағидалар талап ететіндей тақ сан, кемінде жетеу) және дауыс беру құқығы жоқ хатшы бар: Жітіқара ауданы білім бөлімінің өкілі Кунтуарова Ю.Н. және алты педагог. Төраға (Акбалинова А.А.) мен хатшы (Жандырова Н.Р., шаруашылық меңгерушісі) 18.09.2024 жылғы бірінші отырыста сайланды; ұйым басшысы құрамға кірмейді.

Жұмыс жоспарлары бағдарлы педкеңестерде қаралып, бұйрықтармен бекітіледі:

2024–2025 жылға – 02.09.2024 жылғы № 75; 2025–2026 жылға – 29.08.2025 жылғы № 71; 2026–2027 жылға – 28.08.2026 жылғы № 58. Тақырыптар жыл сайын өзгереді: 2024–2025 жылы – жұмысты ұйымдастыру, қарым-қатынас әдебі, жанжалдардың алдын алу; 2025–2026 жылы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы және цифрлық әдеп, кәсіби ынтымақтастық; 2026–2027 жылы – инклюзивті орта, бұзушылықтардың себептерін талдау, қайта сайлауға дайындық.

Жүйелілік. Барлық отырыстарда кворум 7-ден 7. Ұйымдастыру отырысынан басқа әр отырыс хатшының шешімдердің орындалуы туралы есебінен басталады, онда орындау мерзімдері бар шешімдердің саны көрсетіледі; шешімдерді орындау тізбегі 2024 жылдан 2026 жылға дейін үздіксіз байқалады. Өтініштерді тіркеу журналы жүргізіледі; кезеңде өтініштер түскен жоқ. Кеңес жұмысының қорытындылары жыл сайын педкеңесте тыңдалады (23.05.2025, 29.05.2026).

Білім беру бағдарламаларын іске асыру жағдайларына қосқан үлесі. Кеңес балалармен және ата-аналармен өзара әрекеттесуде әдеп бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз етеді: қарым-қатынас әдебі мен цифрлық әдеп жөніндегі жадынамалар, ата-аналар чаттарының қағидалары, ата-аналардың фото- және бейнетүсірілімге келісімдерін бақылау, педагог-психолог кеңестері, жаңадан қабылданған педагогтерді Педагогикалық әдеп қағидаларымен таныстыру.

- **4. Қамқоршылық кеңес**

Қамқоршылық кеңес құрылған және тоқсан сайын отырыс өткізеді: 2024 жылғы қарашадан бастап 9 отырыс өткізілді, барлығы бекітілген жоспарлар бойынша.

Құрылуы және құрамы. 08.11.2024 жылғы № 80 бұйрықпен 3 жыл мерзімге Қамқоршылық кеңес құрылып, ол туралы Ереже бекітілді; 08.11.2024 жылғы № 81 бұйрықпен 7 мүшеден тұратын құрам бекітілді: ата-аналар қауымдастығының, Еңбек мобильділігі орталығының және полиция бөлімінің өкілдері. Төраға (Шакаева А.Ш., ата-ана) 20.11.2024 жылғы бірінші отырыста кеңес мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы сайланды; мемлекеттік органдардың

өкілдері төраға болып сайланған жоқ. Хатшы (Кужахметова Т.В., тәрбиеші) кеңес мүшесі болып табылмайды және дауыс беру құқығы жоқ.

Жұмыс жоспарлары оқу жылының бірінші отырысында бекітіледі (20.11.2024, 19.11.2025, 23.10.2026 жылғы хаттамалар) және директормен келісіледі. Әр жоспарда 4 отырыс – тоқсанына бір-бірден – және Үлгілік қағидаларда көзделген қайталанатын бағыттар қарастырылған: басшының есептері, тәрбиеленушілердің құқықтары мен қауіпсіздігін, тамақтануы мен санитарлық жағдайларын бақылау, сатып алуларды мониторингтеу, ата-аналарға сауалнама жүргізу, ата-аналар қауымдастығына арналған жылдық есеп, қайырымдылық көмек мәселелері.

Жүйелілік. Барлық отырыстарда кворум 7-ден 7; күн тәртібі жоспарларға сәйкес келеді; екінші отырыстан бастап әрқайсысы шешімдердің орындалуы туралы есептен басталады. Хаттамаларға төраға, хатшы және қатысқан мүшелер қол қояды, олар директормен келісіліп, ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады. Қайырымдылық көмек түскен жоқ, банк шоты ашылмаған, ата-аналардан қолма-қол қаражат жинауға жол берілмейді.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру жағдайларына қосқан үлесі. Кеңес жыл сайын басшының есебін және ата-аналарға арналған жылдық есепті қарайды, қауіпсіздікке, тамақтануға және оқу жылына дайындыққа қоғамдық бақылау жүргізеді, ата-аналарға жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдайды (2025 және 2026 жылдар), бюджетті қалыптастыру кезінде ұсыныстар енгізеді (ойын жабдықтарын жаңарту, қауіпсіздік шаралары), ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бос уақытын қамтуға жәрдемдеседі.

2. Кадрлық құрамға қойылатын өлшемшарттар

2024-2025, 2025-2026 және 2026-2027 оқу жылдарында педагог кадрлармен жасақталуы штат кестесіне сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Тиісті үлгідегі және түрдегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) 22-тармағына сәйкес «Wunderkind-2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі – серіктестік) педагогтік қызметпен айналысуға тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдар жіберіледі.

2024-2025 оқу жылы. Серіктестік 2024 жылғы 29 тамыздағы №67 бекітілген штат кестесіне сәйкес педагогтермен жасақталған. 2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ұйымның педагогикалық ұжымы: атқарушы директор; 8 педагог: педагог-психолог – 1, қазақ тілі педагогі – 1, тәрбиешілер – 6.

2025-2026 оқу жылы. Серіктестік 2025 жылғы 29 тамыздағы №62 бекітілген штат кестесіне сәйкес педагогтермен жасақталған. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ұйымның педагогикалық ұжымы: атқарушы директор; 11 педагог: педагог-психолог – 1, қазақ тілі педагогі – 1, тәрбиешілер – 9.

2026-2027 оқу жылы. Серіктестік 2026 жылғы 28 тамыздағы №54 бекітілген штат кестесіне сәйкес педагогтермен жасақталған. 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ұйымның педагогикалық ұжымы: атқарушы директор; 11 педагог: педагог-психолог – 1, қазақ тілі педагогі – 1, тәрбиешілер – 9.

- Тәрбиеші Жолманова К.Б. (04.02.2026 қабылданған) 2026 жылғы 13 шілдеден бастап бала күтіміне байланысты демалыста және 2026 жылғы 1 қыркүйектегі педагогтер санына енгізілмеген. - Тәрбиеші Жанаханова М.А. әдіскер лауазымын 0,5 мөлшерлемеде қоса атқарады.

5-өлшемшарт. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлықты растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

Оқу жылы	**Барлық педагогтер**	**Жоғары білім**		**Кәсіптік педагогикалық білім**		**Оның ішінде «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бағыты бойынша педагогикалық білім**		
		саны	**%**	**саны**	**%**	**барлығы**	**оның ішінде жоғары білім**	**%**
2024-2025	8	4	50%	4	50%	4	0	50%
2025-2026	11	3	27%	8	73%	7	0	64%
2026-2027	11	3	27%	8	73%	7	0	64%

- Білім деңгейін талдау педагогикалық құрамның сапалық көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда № 5750 болып тіркелген) сәйкес біліктілік талаптарына сай келетінін және 100% құрайтынын көрсетті:

- Мектепке дейінгі топтардың және қазақ тілінде оқытатын мектепалды тобының тәрбиешілерінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бейіні бойынша педагогикалық білімі бар; орыс тілінде оқытатын мектепалды тобының тәрбиешілері Русакова Н.В. және Байжуменова Ж.С. педагогикалық білімі бар (Педагогика және БОӘ), бұл Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 5-параграфына сәйкес келеді. Қазіргі уақытта аталған тәрбиешілер Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бейіні бойынша сырттай оқиды. - Тар мамандар – қазақ тілі педагогі мен педагог-психологтің бейіндік білімі бар – 100%.

Тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 11 педагогтің 3-еуінің жоғары педагогикалық білімі бар: қазақ тілі педагогі, бейін бойынша жоғары білімі бар педагог-психолог, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білімі бар мектепалды тобының тәрбиешісі (Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 5-параграфына сәйкес) – 100%.

Бұл серіктестік тәрбиешілерінің білім деңгейі кәсіби дамуды қажет етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан ұйымда педагогтердің білім деңгейін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 6 педагог (11-дің 55%) сырттай білім алуда: тәрбиешілер Байжуменова Ж.С. (2-курс), Бисенбинова Б.К. (2-курс) және Русакова Н.В. (2-курс) – Ахмет Байтұрсынұлы

атындағы Қостанай өңірлік университетінде («Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламалары тобы бойынша бакалавриат); тәрбиеші Кужахметова Т.В. (2-курс), педагог-психолог Жолаушыбаева Д.Г. (2-курс) және тәрбиеші, әдіскер Жанаханова М.А. (2-курс) – Оңтүстік Орал мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университетінде (арнайы (дефектологиялық) білім).

2026 жылғы қыркүйек, қазан айларында педагогтер келді: тәрбиеші Машаева Э.В. (21.09.2026) – техникалық және кәсіптік білім (мектепке дейінгі); музыка жетекшісі Дочупайло Н.И. (16.10.2026) – арнаулы орта білім; педагог-ассистент Иманбаева К.М. (28.09.2026) – техникалық және кәсіптік білім («Қостанай индустриалдық-педагогикалық колледжі» КМҚК, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы, «Әлеуметтік қызметкер» біліктілігі (4S09230102), 2024 ж.).

2026 жылғы 30 қазандағы жағдай бойынша ұжымда жұмыс істейді: атқарушы директор; 14 педагог: педагог-психолог – 1, қазақ тілі педагогі – 1, музыка жетекшісі – 1, педагог-ассистент – 1, тәрбиешілер – 10. Барлық бос орындар толтырылған.

6-өлшемшарт. Біліктілік санатының деңгейін арттырған/растаған педагогтердің үлесі

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Педагог-зерттеуші		Педагог-сарапшы		Педагог-модератор		Педагог	
		саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2024-2025	8	0	0	0	0	0	0	8	100
2025-2026	11	0	0	0	0	5	45	6	55
2026-2027	11	0	0	0	0	5	45	6	55

Талдау: 2024-2025 оқу жылында барлық 8 педагогтің (100%) «педагог» санаты болды. 2025-2026 оқу жылында 11 педагогтің 5-еуінің (45%) «педагог-модератор» санаты бар, қалған 6-уі (55%) – «педагог»; 2026-2027 оқу жылында көрсеткіштер сақталды. «Педагог-сарапшы» және «педагог-зерттеуші» санаттары жоқ, сондықтан негізгі міндет – педагогтерді неғұрлым жоғары санаттарға аттестаттауға дайындау. 2026-2027 оқу жылында 5 педагог біліктілік санатын арттыруға аттестатталуға жатпайды, өйткені олардың педагогикалық жұмыс өтілі 2 жылдан аз. Біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі санаттар бойынша артып келеді: 2024-2025 оқу жылында «педагог-модератор» санаты ешкімде болмады (0%), ал 2025-2026 және 2026-2027 оқу жылдарында – педагогтердің 45%-ында.

7-өлшемшарт. Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі (үш жылда кемінде бір рет)

«Wunderkind-2023» ЖШС кадрлық құрамы біліктілікті жүйелі арттырудың жоғары деңгейін көрсетеді. Нормативтік құжаттардың оқу кезеңділігі бойынша талаптары (3 жылда кемінде 1 рет) 100% сақталған.

Буллингтің алдын алу және қауіпсіз орта: қазіргі педагогтердің шамамен 100%-ын қамтиды (курстардан 2026 жылғы қыркүйекте өтті).

Инклюзивті білім беру және ЕБҚ бар балалармен жұмыс: қамту үлесі жоғары (қазіргі тәрбиешілер мен мамандардың барлығы 2024–2026 жж. өтті). Жаңадан қабылданған музыка жетекшісі осы тақырып бойынша курстан өтуде (16.10.-30.10.2026)

Мектепке дейінгі тәрбие әдістемесі және цифрлық технологиялар/ЖИ: жоспарлы курстардан тұрақты өту (80 сағат көлемінде).

3. Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар

8-өлшемшарт. Балалардың жасын ескере отырып жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

Топтарды қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып жас топтарын қалыптастыру жөніндегі талаптар сақталады

Негізгі құрылымдық бірлік – бір жастағы немесе әр жастағы қағидат бойынша жасақталатын жас тобы. 2024-2025, 2026-2027 оқу жылдарында топтар бір жастағы қағидат бойынша қалыптастырылды. 2025-2026 оқу жылында 4 топ бір жастағы қағидат бойынша, 1 топ («Любознайки») әр жастағы қағидат бойынша қалыптастырылды.

МДҰ-ға балаларды қабылдау ұйымның түріне сәйкес жүзеге асырылады: бөбекжай-бақшаға – 2 жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейін. Қабылдау есепке алудың, кезектің және жолдама берудің бірыңғай базасы арқылы электрондық жолдама бойынша жүргізіледі.

МДҰ-да топтар балалардың күнтізбелік жылдың соңына дейін толған толық жасын ескере отырып қалыптастырылған.

МДҰ-да тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру жыл сайын 1-31 тамыз аралығында жүргізіледі және басшының бұйрығымен ресімделеді. Ағымдағы күнтізбелік жылдың бірінші жартысында мектепалды тобына қабылданған балалар мектепалды тобына қайта ауыстырылады (14-т.).

Алты жасқа толған және мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді шығару 1 маусымнан 1 тамызға дейін жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымда оқу жылына топтарды жасақтау туралы бұйрықтар, тәрбиеленушілерді ауыстыру және шығару туралы бұйрықтар, туған күндері көрсетілген топтар бойынша балалардың тізімдері бар. **8-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау:** 5 – МДҰ-да балалардың жасын ескере отырып жас топтарын қалыптастыруға қойылатын талаптар сақталады.

9-өлшемшарт. Бір жастағы және әр жастағы қағидат бойынша жас топтарының толықтырылуына қойылатын талаптардың сақталуы

. Нормативтік-құқықтық негіздеме

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің жас топтарын қалыптастыру мыналарға қатаң сәйкес жүзеге асырылады:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы;

- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС);
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша, 07.04.2026 № 79-НҚ және 17.09.2026 № 263-НҚ өзгерістерімен қолданыстағы редакцияда) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (бір балаға шаққандағы топтық үй-жайлардың ауданы бөлігінде);
- ҚР БҒМ 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету қағидалары (есепке алу мен кезектің бірыңғай базасы арқылы қабылдау және қабылдау бөлігінде).

ЖШС-дағы топтардың нормалар бойынша толықтырылуы: ерте жас (2 жас) – 20 балаға дейін; ортаңғы (3 жас) – 25 балаға дейін; ересек (4 жас) – 25 балаға дейін; мектепалды (5 жас) – 25 балаға дейін. Шекті толықтырудан асып кету тіркелмеген.

Әр оқу жылының 1 қыркүйегіндегі жас топтарының толықтырылуы

Оқу жылы	**Топтардың нақты толықтырылуы (жоғарыдағы кестедегі топтардың реті бойынша)**	**Нормалар бойынша шекті толықтыру**	**Сәйкестік**
2024-2025	20 / 25 / 24 / 24	20 / 25 / 25 / 25	Асып кету жоқ – 100%
2025-2026	20 / 25 / 25 / 22 / 25	20 / 25 / 25 / 25 / 25	Асып кету жоқ – 100%
2026-2027	20 / 25 / 24 / 10 / 18	20 / 25 / 25 / 25 / 25	Асып кету жоқ – 100%

Талдау: үш жыл бойы бірде-бір топта шекті толықтырудан асып кету жоқ (сәйкестік 100%). Жалпы толықтыру нормативтікке қатысты 2024-2025 жылы шамамен 98% (95-тен 93), 2025-2026 жылы шамамен 98% (120-дан 117) және 2026-2027 оқу жылында шамамен 81% (120-дан 97) құрады; 2026-2027 оқу жылында бос орындар ең алдымен «Ақбота» тобында бар (25-тен 10 бала).

9-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл бір жастағы және әр жастағы қағидат бойынша жас топтарының толықтырылуына қойылатын талаптар орындалады.

10-өлшемшарт. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған кезде топтарды жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуы. Нормативтік-құқықтық негіз

Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕБҚ) бар тәрбиеленушілермен топтарды жасақтау мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (2, 10, 12, 14-тармақтар), 07.04.2026 № 79-НҚ және 17.09.2026 № 263-НҚ бұйрықтарының редакциясында;

- ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызмет қағидалары;

Мектепке дейінгі ұйымда Үлгілік қағидалардың 10-тармағының талаптары орындалады: әр жас тобында ЕБҚ бар үш баладан артық тәрбиеленбейді.

ЕБҚ бар тәрбиеленушілерді қабылдау тәртібі сақталады: балалар ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде, ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері мен жазбаша өтінішін ескере отырып қабылданады. Қабылдау есепке алу мен кезектің бірыңғай базасы арқылы электрондық жолдама бойынша жүргізіледі.

ЕБҚ бар бала үшін топты анықтау оның жасын, ПМПК ұсынымдарын және топтың нақты толықтырылуын ескере отырып жүзеге асырылады. Балаларды бөлу рұқсат етілген саннан аспайды.

Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру кезінде (1-31 тамыз аралығында) қалыптастырылатын топтардағы ЕБҚ бар балалардың саны ескеріледі, бұл нормативтен асып кетуді болдырмайды.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды шығару ПМПК ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады (Үлгілік қағидалардың 14-т.).

10-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – талаптар сақталады

4. Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар

11-өлшемшарт. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың МЖМБС, ҮОЖ және ҮОБ талаптарына сәйкестігі 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Жоспарлау мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, тірк. № 29031), 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрықпен (тірк. № 35670) енгізілген өзгерістерімен;
- үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, тірк. № 8275), ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 (тірк. № 29509) және 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 (тірк. № 35663) бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрі м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, тірк. № 14235, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының редакциясында);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесі және жоспарлау құжаттарының нысандары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, 2024 жылғы 18 қарашада күшіне енген өзгерістерімен);
- 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар.

2. Жоспарлау құжаттарының жиынтығы

Міндетті жоспарлау құжаттарының төртеуі де әр оқу жылында әр топ бойынша жүргізіледі; нормативтік база мен контингент өзгерген кезде құжаттар жыл ішінде жаңартылып отырды.

Жылдар бойынша топтар: 2024–2025 – «АБВГДейка» (2 жас), «Ақбота» (3 жас), «Жұлдыздар» (4 жас), «Смышлята» (5 жас), 2025 жылғы наурыздан бастап – «Любознайки» (3 жас); 2025–2026 – «Смышлята» (2 жас), «АБВГДейка» (3 жас), «Ақбота» (4 жас), «Жұлдыздар» (5 жас), әр жастағы «Любознайки» (4–5 жас); 2026–2027 – «Жұлдыздар» (2 жас), «Смышлята» (3 жас),

«АБВГДейка» (4 жас), мектепалды «Ақбота» және «Любознайки» (5 жас). Топтардың тізбесі, жасы және оқыту тілі жұмыс оқу жоспарларында, перспективалық жоспарларда және күн тәртібінде сәйкес келеді.

3. Жұмыс оқу жоспарлары

Жұмыс оқу жоспары жыл сайын Үлгілік оқу жоспары негізінде әзірленеді, «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ-мен келісіледі және педагогикалық кеңесте бекітіледі; 2024–2025 жылы ол жыл ішінде екі рет түзетілді.

Құрылымы. ЖОЖ түсіндірме жазбаны (қазақ және орыс тілдерінде) және жас ерекшеліктері бойынша оқу жоспарларын қамтиды: ерте жастағы (2 жас), мектепке дейінгі жастағы (3 және 4 жас) балаларға, мектепалды тобына (5 жас), 2025–2026 жылы – сондай-ақ әр жастағы топқа (4–5 жас). Әр жас үшін ҮОЖ-ға сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттің тізбесі мен оны өткізу кезеңділігі айқындалған; мектепалды тобындағы оқу жүктемесі – аптасына 20 сағат. Ескертпеде ұйымдастырылған іс-әрекет Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар іс-әрекетінің түрлі түрлері арқылы ойын түрінде өтетін кіріктірілген сабақ ретінде ашылған.

2024–2025 оқу жылындағы түзету.

- 2025 жылғы ақпан. МЖМБС-қа (23.01.2025 жылғы № 12 бұйрық) және ҮОЖ-ға (16.01.2025 жылғы № 7 бұйрық) енгізілген өзгерістерге байланысты әдістемелік кеңес 31.01.2025 өзгертілген актілердің деректемелерін көрсете отырып, ақпан – мамыр айларына арналған ЖОЖ-дың жаңа редакциясын дайындады, ал 03.02.2025 жоспардан тыс педкеңес оны бекітті.
- 2025 жылғы наурыз. «Любознайки» ортаңғы тобының ашылуына байланысты әдістемелік кеңес 03.03.2025 жаңа топқа арналған оқу жоспарымен ЖОЖ-ды дайындады, ал 07.03.2025 жоспардан тыс педкеңес оны бекітті; құжаттар 07.03.2025 бастап қолданысқа енгізілді.

Басқа құжаттармен байланысы. ЖОЖ негізінде ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен перспективалық жоспарлар құрылған: перспективалық жоспарлардағы ұйымдастырылған іс-әрекет тізбесі тиісті жас тобының ЖОЖ-на сәйкес келеді.

4. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар, жеке даму карталары

Құжаттар Тізбеде (№ 130 бұйрық) белгіленген нысандар бойынша ресімделеді және өзара бірізді байланысты: Үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері – айға арналған перспективалық жоспар – апталық циклограмма – баланың жеке даму картасы.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарлары мектепке дейінгі ұйымның барлық жас топтарында жүргізіледі: 2024–2025 оқу жылында – төрт топта, 2025 жылғы

наурыздан бастап – сондай-ақ ашылған «Любознайки» ортаңғы тобында; 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында – бес топта, оның ішінде әр жастағы (2025–2026) және екі мектепалды (2026–2027) топтарда. Жоспарлар оқу жылына ай сайын (қыркүйек – мамыр) Тізбеде белгіленген нысан бойынша жасалады: әрқайсысында ұйым, топ, балалардың жасы және кезең көрсетіледі. Қазақ тілінде оқытатын топтар жоспарларды мемлекеттік тілде, орыс тілінде оқытатын топтар – екі тілдегі титул парағымен орыс тілінде жүргізеді.

Әр топтың перспективалық жоспарындағы ұйымдастырылған іс-әрекет тізбесі әр жасқа арналған жұмыс оқу жоспарларына сәйкес келеді.

Әзірлеу тәртібі барлық топтар үшін бірыңғай: жобаларды тәрбиешілер қазақ тілі педагогімен және музыка жетекшісімен бірлесіп құрастырады, олар қазақ және орыс тілдерінде оқытатын топтардың әдістемелік бірлестіктерінде қаралады, әдістемелік кеңесте сараптамадан өтеді (ӘК хаттамалары 26.08.2025 жылғы № 5, 25.08.2026 жылғы № 5; ӘБ хаттамасы
22.08.2024) және бағдарлы педкеңесте бекітіледі (29.08.2024 жылғы № 1, 29.08.2025 жылғы № 1, 28.08.2026 жылғы № 1 хаттамалар). Жаңа «Любознайки» тобының перспективалық жоспарын әдістемелік кеңес 03.03.2025 дайындады және 07.03.2025 жоспардан тыс педкеңес бекітті; 2025 жылғы қаңтарда МЖМБС пен ҮОЖ өзгергеннен кейін барлық топтардың жоспарлары түзетілді (03.02.2025 жоспардан тыс педкеңес).

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары барлық топтарда топтың оқыту тілінде 2024 жылғы 18 қарашадан бастап жаңартылған нысан бойынша апта сайын жасалады. Циклограмма жолдары топтың бекітілген күн тәртібінің режимдік сәттерін қайталайды; мазмұны 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасы жоспарының ай тақырыбы мен апта дәйексөзін және **2025-2026 және 2026-2027 оқу жылдарында** «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын; балалар іс-әрекеті түрлерінің кірігуін, перспективалық жоспардан кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетті, таңғы блок пен серуендердің міндеттерін, ата-аналармен жұмысты («Өнегелі 15 минут») және мониторинг қорытындысы бойынша балалардың шағын топтарымен жеке жұмысты ашады. Циклограммаларды тәрбиешілер қазақ тілі педагогімен, музыка жетекшісімен (ол болмаған жағдайда тәрбиешімен) және сүйемелдеу мамандарымен бірлесіп құрастырады, оларды әдіскер апта сайын тексереді.

Жеке даму карталары барлық топтардың әр тәрбиеленушісіне бес құзыреттілік бойынша жүргізіледі: физикалық даму, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдылар және зерттеу іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар. Бастапқы (қыркүйек), аралық (қаңтар) және қорытынды (мамыр) мониторинг қорытындылары бойынша карталарға келесі кезеңге арналған дамытушы және түзету іс-шаралары, қол жеткізілген динамика және Үлгілік оқу бағдарламасын меңгерудің күтілетін нәтижелеріне қатысты қорытынды даму деңгейі, ал жыл соңында – ата-аналарға жазғы кезеңге арналған ұсынымдар енгізіледі; қорытынды деректер ҰБДҚ-ға енгізіледі. Ұйым бойынша мониторингтің жиынтық нәтижелері педкеңестерде талданады және жеке жұмысты жоспарлау мен келесі жылға жоспарлар құру кезінде пайдаланылады.

5. Жоспарлау мен нақты қызметтің сәйкестігі

Жоспарланған мен іс жүзінде жүргізілетін жұмыстың сәйкестігі ішкі бақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі және Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мониторингінің нәтижелерімен расталады.

Құжаттаманы тексеру: әдіскер апта сайын циклограммалардың перспективалық жоспарға, кестеге және күн тәртібіне сәйкестігін тексереді; топтардың құжаттары әдістемелік бірлестіктерде қаралады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу бақылау парақтары бойынша және тақырыптық бақылау, оның қорытындылары педкеңесте қаралады (мысалы, таңғы гимнастика мен серуендерді бақылау – 29.11.2024 педкеңес; сөйлеу және оқу ортасын бақылау – 27.11.2026 педкеңес жоспары).

Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мониторингі жылына үш рет жүргізіледі; нәтижелер педкеңестерде қаралады және жоспарлау мен жеке жұмысты түзету үшін пайдаланылады. 2025–2026 оқу жылының қорытынды мониторингі: жоғары деңгей – 76 %, орташа – 17 %, төмен – 7 %; төмен және орташа деңгейдегі балалар 2026–2027 оқу жылына жеке сүйемелдеуге алынды.

Құжаттарды уақтылы түзету нормативтік база (2024 жылғы қараша – циклограмма нысаны; 2025 жылғы ақпан – МЖМБС және ҮОЖ) және контингент (2025 жылғы наурыз) өзгерген кезде. Ішкі бақылау барысында жоспарлау мен нақты қызмет арасында алшақтықтар анықталған жоқ.

6. 11-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарындағы барлық топтар бойынша жоспарлау құжаттарының толық жиынтығы бар; құжаттар 2024–2025 жылдардағы өзгерістерді ескере отырып МЖМБС-қа, ҮОЖ-ға және Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді және нақты қызметте іске асырылады.

12-өлшемшарт. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС-та көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлерімен қамтамасыз ету 1. Өлшемшарт және нормативтік база

1. Күн тәртібі мыналарға сәйкес әзірленген:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы) – ұйымдастырылған іс-әрекеттің көлемі мен ұзақтығы бөлігінде;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы), оның ішінде 2024 жылғы 18 қарашада күшіне енген өзгерістер, – циклограмма нысаны мен режимдік сәттердің тұжырымдары бөлігінде;
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы);
- 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.

- Бағаланатын кезеңдегі күн тәртібі.

Кезеңде күн тәртібінің 5 редакциясы бекітілді; 2024–2025 оқу жылында күн тәртібі екі рет жаңартылды – нормативтік базаның өзгеруіне және бесінші топтың ашылуына байланысты.

Нормативтік базаның өзгеруі (2024 жылғы қараша). 2024 жылғы 18 қарашада № 130 бұйрыққа тәрбиелеу-білім беру процесі циклограммасының нысанына және режимдік сәттердің тұжырымдарына қатысты өзгерістер күшіне енді. Ұйымның 18.11.2024 жылғы № 82 бұйрығымен құжаттарды сәйкестендіру жұмысы басталды; 29.11.2024 педагогикалық кеңес (№ 2 хаттама) барлық топтар үшін түзетілген күн тәртібін және жаңартылған циклограмма нысанын бекітті. Жаңа редакцияда «Балалардың дербес іс-әрекеті» режимдік сәті «Балалар іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, бейнелеу, дербес және басқалар)» деп, «Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ҰІӘ» – «Кесте бойынша ҰІӘ» деп ауыстырылды.

Бесінші топтың ашылуы (2025 жылғы наурыз). 3 жастағы балаларға арналған «Любознайки» ортаңғы тобының ашылуына байланысты әдістемелік кеңес 03.03.2025 жаңа топтың күн тәртібін және үй-жайларды бірлесіп пайдалану мен режимдік сәттердің ығысуын ескере отырып, қалған топтардың түзетілген күн тәртібін дайындады, ал 07.03.2025 жоспардан тыс педагогикалық кеңес оларды бекітті; құжаттар 2025 жылғы 07.03 бастап қолданысқа енгізілді.

Жыл сайынғы жаңарту. Әр оқу жылына арналған күн тәртібі топтардың келесі жас санатына ауыстырылуын (1 тамыздан) және жаңа жасақтауды ескере отырып, бағдарлы педкеңесте бекітіледі, 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және оқу жылы басталғанға дейін педагогтер мен ата-аналарға қағаз түрінде жеткізіледі. Орыс тілінде оқытатын топтар үшін күн тәртібі екі тілде, қазақ тілінде оқытатын топтар үшін мемлекеттік тілде ресімделеді.

3. Балалар іс-әрекеті түрлерімен қамтамасыз ету.

Әр топтың күн тәртібі күні бойы (8.00-ден 18.30-ға дейін) МЖМБС-та көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтиды, ал жүктеме жасына қарай сараланған.

Күн тәртібіндегі балалар іс-әрекетінің түрлері:

- таңғы блок – балаларды қабылдау, ата-аналармен әңгімелесу және кеңес беру, балалар іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, бейнелеу, дербес);
- таңғы гимнастика (қимыл-қозғалыс іс-әрекеті);
- Үлгілік оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет;
- күн сайын екі серуен (түскі асқа дейін және күннің екінші жартысында) дайындықпен және қайтып оралумен – бақылаулар, қимылды ойындар, еңбек, эксперимент жасау;
- күндізгі ұйқы, біртіндеп ояну және сауықтыру шаралары;
- күннің екінші жартысындағы балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау) және балалармен жеке жұмыс;
- бес мәрте тамақтану (таңғы ас, екінші таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас) және балалардың 18.30-ға дейін үйге қайтуы.

Жасына қарай саралау (2025–2026 оқу жылының күн тәртібі):

Жас ұлғайған сайын гимнастика мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы артады, күндізгі ұйқы уақыты ығысады және қысқарады, бірақ норма шегінде болады.

Жоспарлаумен байланысы.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммаларын бекітілген күн тәртібі бойынша тәрбиешілер, қазақ тілі педагогі, музыка жетекшісі және сүйемелдеу мамандары бірлесіп құрастырады; ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Жұмыс оқу жоспары мен күн тәртібі негізінде жасалған.

4. Күн тәртібінің сақталуын бақылау

Күн тәртібінің сақталуын әкімшілік пен әдістемелік қызмет ішкі бақылау шеңберінде бақылайды, нәтижелері педагогикалық кеңесте қаралады.

- Таңғы гимнастика мен серуендерді ұйымдастыруды тақырыптық және жедел бақылау – қорытындылары 29.11.2024 педкеңесте қаралды (№ 2 хаттама): қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытудың оң тәжірибесі атап өтілді, серуендегі жекелеген іс-әрекет түрлерін жоспарлау мен мөлшерлеудегі анықталған кемшіліктер педкеңестің шешімі бойынша жойылды.
- Бақылау парақтарын пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекет пен режимдік сәттерге қатысу – 28.08.2026 бағдарлы педкеңестің шешімі бойынша.
- Циклограммалардың бекітілген күн тәртібіне және ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкестігін тексеру.
- Жазғы сауықтыру кезеңінде режимді түзету (таза ауада болу уақытын ұлғайту) Ерте жастан дамыту институтының әдістемелік ұсынымдары бойынша – қорытындылары бағдарлы педкеңесте тыңдалады.
- Қорытынды: күн тәртібі әр оқу жылына әр топ үшін бекітілген, нормативтік базаның (2024 жылғы қараша) және контингенттің (2025 жылғы наурыз) өзгерістеріне уақтылы сәйкестендірілген, сақталады және МЖМБС-та көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтамасыз етеді.

5. 12-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау – 5 балл: күн тәртібін әр жас тобы үшін педагогикалық кеңес бекітеді, ол нормативтік база мен контингенттің өзгерістеріне уақтылы сәйкестендіріледі, МЖМБС-та көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлерін қамтамасыз етеді.

13-өлшемшарт. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық саламаттылығы мен дамуын қамтамасыз ететін дамытушы ортаны құру 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Дамытушы орта мыналарға сәйкес құрылады:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 өзгерістерімен) – іске асыру шарттарына және даму бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар бөлігінде;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрі м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрықтың редакциясында);

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР Білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы);

2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар – белсенділік орталықтары, оқу және қазақ тілді орта, экологиялық және еңбек тәрбиесі; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар және қауіпсіздік талаптары.

2. Ортаны ұйымдастыру қағидаттары

Барлық топтардағы орта оның дамытушы сипатын және балалардың жасына сәйкестігін қамтамасыз ететін бірыңғай қағидаттарға негізделеді.

Қағидат	Қалай іске асырылады
Толықтығы және жасқа сәйкестігі	орталықтардың жабдықталуы 2, 3, 4 және 5 жастағы балалардың жас мүмкіндіктеріне және перспективалық жоспардың міндеттеріне сай іріктеледі; материалдар ай тақырыбы бойынша жаңартылады
Қолжетімділік	ойыншықтар мен материалдар ашық сөрелерде және балалардың бойына сай деңгейде белгі қойылған контейнерлерде орналастырылған; орталықтар қазақ және орыс тілдеріндегі суреттермен және жазулармен таңбаланған
Вариативтілік және таңдау	әр топта бір мезгілде әртүрлі бағыттағы бірнеше орталық қолжетімді; балалар сабақты, материалдарды және серіктестерді өздері таңдайды
Түрленгіштігі және көпфункционалдылығы	жиһаз, ширмалар, модульдер мен кілемшелер кеңістікті жеке, шағын топтық және топтық жұмыс нысандарына тез өзгертуге мүмкіндік береді
Қауіпсіздік	жиһаз бекітілген және балалардың бойына сәйкес келеді, ойыншықтар сертификатталған және жасқа сай, санитариялық талаптар сақталады; аумақ пен ғимарат бейнебақылауда
Эмоционалдық жайлылық	үйдегідей ахуал, «оңаша бұрыш», көңіл-күй бұрышы, отбасылардың фотосуреттері, балалардың бастамасын көтермелеу

3. Топтардағы белсенділік орталықтары

Топтың дамытушы ортасы белсенділік орталықтары бойынша ұйымдастырылған, олар бірігіп МЖМБС-тың дамудың барлық бес бағытын қамтиды: физикалық даму, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және зерттеу, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар.

Белсенділік орталығы	Мазмұны және жабдықталуы	МЖМБС бойынша даму бағыты
Қимыл-қозғалыс белсенділігі	доптар, құрсаулар, кеглдер, массаж жолақтары, қимылды және ұлттық ойындарға арналған жабдықтар (асық, бәйге және т.б.)	физикалық даму
Кітап және тілді дамыту («Кітап бұрышы»)	жасына сай көркем әдебиет, қазақстандық авторлардың кітаптары, әңгімелеуге арналған суреттер, сөйлеу ойындары; жылжымалы кітапхана	коммуникативтік дағдылар

Қазақ тілі және ұлттық мәдениет («Тілге бойлау», «Ұлттық бұрыш»)	дидактикалық ойындар, тұрмыс заттары мен ұлттық ойыншықтар, мемлекеттік рәміздер, аудиоматериалдар, фольклор	коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар
Сенсорика және математика	сенсорлық эталондар, пазлдар, салынбалар, санау материалы, логикалық ойындар	танымдық және зияткерлік дағдылар
Құрастыру	еденге және үстелге арналған құрылыс материалы, әртүрлі құрастырғыштар	танымдық, шығармашылық дағдылар
Табиғат және эксперимент	табиғат бұрышы, бөлме өсімдіктері, табиғат күнтізбесі, сумен, құммен, ауамен тәжірибе жасауға арналған материалдар; учаскеде – шағын бақша.	шығармашылық дағдылар және зерттеу іс-әрекеті
Бейнелеу іс-әрекеті	сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға арналған материалдар, балалар жұмыстарының көрмесі	шығармашылық дағдылар
Музыкалық-театрлық	балалар музыкалық аспаптары, ширма, театрдың түрлі түрлері, костюмдер мен атрибуттар	шығармашылық, коммуникативтік дағдылар
Сюжеттік-рөлдік ойындар	«Отбасы», «Аурухана», «Дүкен», «Шаштараз» және т.б. ойындардың атрибуттары	әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар
Қауіпсіздік және құқықтық сауаттылық	көшелердің макеттері, жол белгілері, жол жүрісі ережелері мен қауіпсіз мінез-құлық бойынша ойындар	әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар
Еңбек және мамандықтар	кезекшілік бұрышы, өсімдіктерді күтуге арналған құрал-саймандар, балалар шеберханаларының материалдары	әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар
Оңаша болу және эмоционалдық жеңілдеу	«көңіл-күй қорапшасы», сенсорлық материалдар	әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар

4. Ортаның жас ерекшелігі

Ерте жас топтары (2 жас): сенсорлық материалдар, ірі ойыншықтар мен құрастырғыш, сүйретпелер, сумен және құммен әрекет жасауға арналған заттар, қарапайым сюжеттік ойыншықтар басым; қозғалыс үшін бос кеңістік көп; орталықтар саны аз және оңай танылады.

Ортаңғы топтар (3 жас): сюжеттік ойын, бейнелеу іс-әрекеті және кітап орталықтары кеңейеді, алғашқы үстел үсті-баспа ойындары мен қарапайым эксперимент жасауға арналған материалдар пайда болады.

Ересек топтар (4 жас): құрастыру, логикалық ойындар және тәжірибелік-зерттеу іс-әрекеті күрделенеді, жобалық материалдар, қолдан жасалған кітапшалар, коллекциялар пайда болады.

Мектепалды топтары (5 жас): сауат ашуға және математикаға дайындық орталығы, жобалық және зерттеу іс-әрекетіне арналған материалдар, балалар шеберханалары, «мектеп» тақырыбындағы атрибуттар; балалар ортаны жаңартуға және өз іс-әрекетін жоспарлауға қатысады.

5. Эмоционалдық саламаттылық

Эмоционалдық саламаттылық орта, режим және ересектердің педагогикалық ұстанымының үйлесімімен қамтамасыз етіледі.

Әр топта демалуға және эмоционалдық шиеленісті басуға арналған «оңаша бұрыш»; бала өз күйін белгілей алатын көңіл-күй бұрышы;

отбасылардың фотосуреттері, көрмелердегі балалар жұмыстары, жеке шкафтар мен заттар – топқа тиесілілік сезімі;

режимдік сәттердің болжамды реттілігі, бейімделу кезеңіндегі сақтандыру режимі; педагог-психологтің сүйемелдеуі, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің буллингтің алдын алу бойынша ұсынымдары, балалармен бірге қабылданған топ ережелері; ЕБҚ бар балаларға арналған бейімделген орта және ғимараттағы кедергісіз орта элементтері.

6. Іс-әрекет түрлері мен серіктестерді таңдау мүмкіндігі

Баланың таңдау құқығы ортада да, күн тәртібінде де бекітілген.

Барлық топтардың күн тәртібінде баланың таңдауы бойынша балалар іс-әрекетіне уақыт көзделген: таңертең – «Балалар іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қимыл-қозғалыс, бейнелеу, дербес)», күннің екінші жартысында – дербес іс-әрекет (қимылды, ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау).

Материалдардың ашық орналасуы және бірнеше орталықтың бір мезгілде жұмыс істеуі балаға немен, қай орталықта және кіммен – жеке, жұпта немесе шағын топта айналысатынын өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет тапсырманы, материалды және рөлді таңдау мүмкіндігімен ойын түрінде өткізіледі; ересек және мектепалды топтарында балалар жоба тақырыптарын таңдауға қатысады. Серуендеу учаскелерінде таңдау шығарылатын жабдықтармен және қимылды ойындарға, бақылауларға, еңбекке және эксперимент жасауға арналған аймақтармен қамтамасыз етіледі.

7. Ортаны бақылау және жаңарту

Дамытушы ортаның жай-күйін әдістемелік қызмет үнемі талдайды: жабдықталудың жасқа, ай тақырыбына және перспективалық жоспарға сәйкестігі, материалдардың қауіпсіздігі мен қолжетімділігі тексеріледі. 2026–2027 оқу жылында «Топтардағы сөйлеу және оқу ортасының жай-күйі» тақырыптық бақылауы жүргізіледі, оның қорытындылары 2026 жылғы қарашада педкеңесте қаралады. Орта лексикалық тақырыптар, маусымдар және күнтізбелік мерекелер бойынша жаңартылады.

8. 13-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – дамытушы орта МЖМБС талаптарына толық сәйкес келеді: дамудың бес бағыты бойынша барлық негізгі белсенділік орталықтары, балалардың эмоционалдық саламаттылығы, іс-әрекет түрі мен серіктестерді еркін таңдау, ортаның қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

14-өлшемшарт. ЕБҚ бар балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Арнаулы жағдайлар мыналарға сәйкес жасалады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – ЕБҚ бар балалардың арнаулы жағдайлар жасала отырып, жалпы білім беретін ұйымда білім алу құқығы;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 өзгерістерімен);

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы);

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызмет қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы, 2026 жылғы 29 мамырдағы № 144-НҚ өзгерістерімен) – ЖДБ, сараптамалық бағалау карталарының, маршрут парақтарының бірыңғай нысандары; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындылары мен ұсынымдары; «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – ЕБҚ бар балалар туралы мәліметтер бөлігінде.

2. ЕБҚ бар балалар контингенті

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жыл сайын инклюзия жағдайында бірнеше жас тобында тәрбиеленеді; әр балаға жеке даму бағдарламасы әзірленген.

Оқу жылы	ЕБҚ бар балалар	Топтар	ЖДБ
2024–2025	10	мектепалды «Смышлята» (6), ортаңғы «Ақбота» (3), ересек «Жұлдыздар» (1)	10 – әр балаға
2025–2026	8	ортаңғы «АБВГДейка» (1), ересек «Ақбота» (3), мектепалды «Жұлдыздар» (1, жыл ішінде шығып кетті), әр жастағы «Любознайки» (3)	8 – әр балаға
2026–2027	6	мектепалды «Ақбота» (3) және «Любознайки» (3)	6 – әр балаға

ЕБҚ бар балалардың тізімі жыл сайын ППСҚ құжаттарымен бірге басшының бұйрығымен бекітіледі және ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарын, олардың қолданылу мерзімін және сүйемелдеу нысанын (топтық, жеке) қамтиды. ПМПК қорытындыларына сәйкес балалар жеке оқу материалдарын пайдалана отырып, жалпы топ жағдайында бейімделген оқу бағдарламасы бойынша оқиды. ЕБҚ бар балалар туралы мәліметтер тек ұйым ішінде пайдаланылады және жарияланатын материалдарда иесіздендіріледі.

3. Ұйымдастырушылық жағдайлар: ППСҚ және ПМПК-мен өзара іс-қимыл

ЕБҚ бар балаларды сүйемелдеу жыл сайын басшының бұйрығымен құрылатын және бекітілген жоспар мен кесте бойынша жұмыс істейтін Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі арқылы ұйымдастырылған; оның шешімдерін педагогикалық кеңес қарайды.

Оқу жылы	ППСҚ-ны ұйымдастыру туралы бұйрық	Құжаттар	Отырыстар
2024–2025	02.09.2024 жылғы № 78	құрамы, жылдық жоспар, отырыстар кестесі	қыркүйек, қаңтар, сәуір, тамыз

2025–2026	29.08.2025 жылғы № 70	ППСҚ туралы ереже, құқықтары мен міндеттері, құрамы, жылдық жоспар, кесте; № 92 бұйрық бойынша бірыңғай нысандар	қыркүйек, қаңтар, сәуір, тамыз
2026–2027	28.08.2026 жылғы № 55	Ереже (2026 жылғы редакцияда), құқықтары мен міндеттері, құрамы, жылдық жоспар, кесте, ЕБҚ бар балалардың тізімі	қыркүйек (өткізілді), қаңтар, сәуір, тамыз – кесте бойынша

Қызметтің құрамы: төрағасы – педагог-психолог Жолаушыбаева Д.Г., хатшысы – тәрбиеші Русакова Н.В., әдіскер, қазақ тілі педагогі, музыка жетекшісі, ЕБҚ бар балалар бар топтардың тәрбиешілері; 2026–2027 оқу жылынан бастап – педагог-ассистент.

Жыл бойғы сүйемелдеу циклі:

Тамыз – ПМПК қорытындылары негізінде ЖДБ жобаларын әзірлеу және оларды бағдарлы педкеңесте бекіту.

Қыркүйек – бастапқы диагностика, ЕБҚ бар балалардың тізімін бекіту, тұрақты қиындықтары бар балаларды анықтау және ПМПК-ға жолдау туралы шешім қабылдау.

Қаңтар – аралық диагностика, ЖДБ тиімділігін бағалау, екінші жартыжылдыққа маршруттарды түзету.

Сәуір – қорытынды диагностика, динамиканы талдау, ПМПК қорытындыларының қолданылу мерзімдерін бақылау және қайта куәландыруды ұйымдастыру.

Мамыр – қорытынды педкеңесте ППСҚ-ның жылдық есебі (23.05.2025, 29.05.2026).

Рудный қ. ПМПК-мен өзара іс-қимыл. Жолдау туралы шешімдер ППСҚ отырысында қабылданып, педкеңесте бекітіледі: 2024–2025 жылы тәрбиеленуші ППСҚ-ның 30.09.2024 және педкеңестің 02.10.2024 шешімі бойынша жолданып, 08.11.2024 тексеруден өтті; 2025–2026 жылы үш бала 2025 жылғы қазан – қараша айларында алғашқы тексеруге және жоспарлы қайта куәландыруға жолданды (03.10.2025 жоспардан тыс педкеңес). Қорытындылардың қолданылу мерзімдерін ППСҚ бақылайды; олар аяқталған кезде балалар уақтылы қайта тексеруге жолданады.

4. Бағдарламалық жағдайлар: жеке даму бағдарламалары

Жеке даму бағдарламасы ЕБҚ бар әр балаға ПМПК қорытындысы мен диагностика нәтижелері негізінде құрастырылады, педагогикалық кеңесте бекітіледі және баламен жұмыс істейтін барлық педагогтер іске асырады.

ЖДБ құрылымы (қазақ тілінде оқытатын топтар үшін мемлекеттік тілде, орыс тілінде оқытатын топтар үшін – орыс тілінде):

түсіндірме жазба және бағдарламаның мақсаты; бала туралы мәліметтер: топ, болу режимі, денсаулық тобы, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары, диагностика деректері бойынша даму ерекшеліктері, отбасы туралы мәліметтер, сүйемелдеу мамандары (педагог-психолог, қазақ тілі педагогі, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, медбике);

түзету-дамыту жұмысының қағидаттары мен бағыттары, білім беру міндеттері; МЖМБС-тың бес бағыты бойынша мазмұн – физикалық даму, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және зерттеу, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар: Үлгілік оқу

бағдарламасының әр міндеті үшін баланың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделген ойындар мен жаттығулар және жеке күтілетін нәтижелер іріктелген;

отбасымен жұмыс және даму динамикасының мониторингі (бастапқы, аралық, қорытынды кесінділер).

Мазмұнды бейімдеу. Өз жас сатысындағы бағдарламаның міндеттері сақталады, ал оларға қол жеткізу тәсілдері мен күтілетін нәтижелер баланың деңгейіне қарай іріктеледі: мысалы, белсенді сөйлеуі жоқ бала үшін мемлекеттік рәміздерге және ересектердің еңбегіне құрмет қалыптастыру міндеттері тану, көрсету және үлгі бойынша әрекет ету арқылы іске асырылады, күтілетін нәтиже оған қолжетімді түрде сипатталған (көзқарасын ұстап тұрады, екі-үшеуінен таңдайды, көрсету бойынша әрекеттер тізбегін қайталайды).

Түзету және есепке алу. ЖДБ тиімділігі ППСҚ-ның қаңтар және сәуір айларындағы отырыстарында бағаланады; қажет болған жағдайда маршруттар ұзартылады немесе түзетіледі (мысалы, ұсақ моторика мен белсенді сөздік қор бойынша жұмысты күшейту, коммуникацияның вербалды емес құралдарына көшу). 2025–2026 оқу жылынан бастап ЖДБ, сараптамалық бағалау карталары және маршрут парақтары № 92 бұйрықпен бекітілген бірыңғай нысандар бойынша жүргізіледі. 28.08.2026 педагогикалық кеңесте Инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар бекітілді.

5. Кадрлық және материалдық жағдайлар, отбасымен жұмыс

Сүйемелдеуді ПМПК ұсынымдары бойынша ұйымның штаттағы мамандары және түзету кабинеттерінің мамандары қамтамасыз етеді; топтарда бейімделген материалдар мен көрнекі тіректері бар орта құрылған.

Кадрлық жағдайлар.

Педагог-психолог – ППСҚ төрағасы: диагностика, жеке және шағын топтық түзету сабақтары, педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру.

Педагог-ассистент (тьютор) – 2026 жылғы 28 қыркүйектен бастап (28.09.2026 жылғы № 88 бұйрық) ПМПК қорытындысымен педагог-ассистент ұсынылған тәрбиеленушіні жеке сүйемелдеу үшін енгізілді: жалпы топта ұйымдастырылған іс-әрекетте, режимдік сәттерде және құрдастарымен қарым-қатынаста балаға көмек көрсету. ПМПК-ның мамандар бөлігіндегі ұсынымы толық орындалды.

Топ тәрбиешілері, қазақ тілі педагогі, музыка жетекшісі – ұйымдастырылған іс-әрекетте және режимдік сәттерде ЖДБ-ны іске асыру.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері жағдайында дефектологпен, логопедпен және басқа мамандармен сабақтар – ПМПК ұсынымдары бойынша, олардың нәтижелері ЖДБ-да ескеріледі.

Кадрларды даярлау: **ұйымның барлық педагогтері, сондай-ақ атқарушы директор инклюзивті білім беру мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті** (педагогикалық және басқарушылық құрамның 100 %-ы); жаңа педагогтер курстық даярлықтан өткенге дейін ЕБҚ бар балаларды сүйемелдеу мәселелерін педагог-психологтің кеңестері мен тәлімгерлік арқылы меңгереді. Жаңадан қабылданған музыка жетекшісі 2026 жылғы 16.10. мен 30.10. аралығында DARYN USTAZ-да курстық даярлықтан өтуде.

Пәндік-кеңістіктік орта және материалдар. Топтарда көрнекі кестелер мен тіректер (графикалық сызбалар, әрекет алгоритмдері), баламалы және қосымша коммуникация құралдары, эмоционалдық шиеленісті басуға арналған «оңаша бұрыш», ұсақ моториканы дамытуға арналған сенсорлық және дидактикалық құралдар, жеке тапсырма карточкалары және бейімделген дидактикалық ойындар, оның ішінде қазақ тілі бойынша, пайдаланылады. Жүктеме мөлшерленеді, динамикалық үзілістер, арт-терапия, ертегі терапиясы және ойын арқылы түзету элементтері қолданылады.

Сәулеттік қолжетімділік (кедергісіз орта). Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен ата-аналар, оның ішінде көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін ғимарат халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес қолжетімді орта элементтерімен жарақталған:

Қолжетімді орта элементі	Саны
Пандус	1 дана
Баспалдаққа арналған тайғанауға қарсы жапсырма	
Кедергілер мен қозғалыс бағыттарын белгілеуге арналған ПВХ тактильді еден плиткасы (конустар)	21 дана
Брайль қарпімен қайталанған тұтқаларға арналған тактильді жапсырмалар («Түсу – көтерілу»)	6 дана
Брайль қарпі бар кешенді тактильді маңдайша жазу	1 дана
Брайль қарпі бар кешенді тактильді тақтайшалар	10 дана
«Үй-жайға кіру» (СП 09) және «Үй-жайдан шығу» (СП 10) тактильді пиктограммалары	2 данадан
«Көмек шақыру түймесі» тактильді пиктограммалары	4 дана
Көмек шақыруға арналған сымсыз қоңыраулар	2 дана
Есік ойықтарын контрастылы таңбалауға арналған таспа	8 дана
G 07 «Абайлаңыз, кедергі!» ескерту жапсырмалары	3 дана

Пандус, көмек шақыру түймелері мен қоңыраулары ғимаратқа кедергісіз кіруді және персоналдан көмек алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді; тактильді тақтайшалар, пиктограммалар, плиткалар мен контрастылы таңбалау көру қабілеті бұзылған адамдарға ғимаратта бағдар алуға мүмкіндік береді. **Отбасымен жұмыс.** Отбасылық тәрбие жағдайлары зерделенеді (отбасының әлеуметтік портреті), ата-аналарға дағдыларды үйде, оның ішінде жазғы кезеңде бекіту бойынша жеке кеңестер мен ұсынымдар беріледі; ата-аналар ЖДБ-мен және диагностика нәтижелерімен танысады. Қамқоршылық кеңес жыл сайын ЕБҚ бар балалардың үйірмелер мен секцияларға қатысуын және олардың отбасыларын қолдау шараларын қарайды.

6. 14-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – ЕБҚ бар балалардың білім алуы үшін арнаулы жағдайлар толық қамтамасыз етілген: әр балаға ПМПК қорытындысы негізінде ЖДБ әзірленіп, іске асырылады, Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі жұмыс істейді, кадрлық жағдайлар, бейімделген орта және отбасылармен жұмыс қамтамасыз етілген.

15-өлшемшарт. ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы

ЖШС-да ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейі ҮОБ-қа қосымшада берілген балалардың білік пен дағдылар тізбесіне сәйкес мақсатты нәтижелер бойынша айқындалады (МЖМБС 20-т.). Тәрбиеленушілердің білік пен дағдыларының даму мониторингі барлық жас топтарында оқу жылында үш рет жүргізіледі: бастапқы (қыркүйек), аралық (қаңтар), қорытынды (мамыр).

Мониторингті топ тәрбиешілері мамандармен бірлесіп, арнайы сынақтарсыз, ұйымдастырылған және дербес іс-әрекетте баланы бақылау әдісімен жүргізеді.

Мониторинг нәтижелері баланың жеке даму картасында білім беру салалары бойынша тіркеледі: физикалық даму, коммуникативтік дағдылар, танымдық және зияткерлік дағдылар, шығармашылық дағдылар және зерттеу іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар. Білік пен дағдылардың даму деңгейлері жоғары, орташа, төмен болып айқындалады.

ЕБҚ бар балалар үшін білік пен дағдылардың дамуын бағалау көрсеткіштері білім беру траекториясын әзірлеу және түзету жұмысын жоспарлау үшін негіз ретінде пайдаланылады (МЖМБС 19-т.). Мектепке дейінгі ұйымда мониторингтің әр кезеңінің қорытындысы бойынша топтар бойынша жиынтық есептер және ұйым бойынша талдамалық анықтама жасалады; нәтижелер педагогикалық кеңесте қаралады және балалармен жеке жұмысты жоспарлау мен ата-аналарды хабардар ету үшін пайдаланылады.

Бағдарламаны меңгерудің қорытынды мониторингінің нәтижелері:

- 2024–2025 оқу жылы: Жоғары деңгей – 81–88%, орташа – 7–12%, төмен – 5–7%.
- 2025–2026 оқу жылы: Жоғары деңгей – 72–80%, орташа – 12–21%, төмен – 7–8%.
- 2026–2027 оқу жылының бастапқы мониторингі: Жоғары деңгей – 35–42%, орташа – 38–39%, төмен – 19–27%.

ж – жоғары деңгей, о – орташа деңгей, т – төмен деңгей (топтағы балалар санынан %-бен).

Бағдарламаны меңгерудің аралық мониторингінің нәтижелері (топтағы балалар санынан %-бен):

- 2024–2025 оқу жылы: Жоғары деңгей – 28–65%, орташа – 20–50%, төмен – 14–26%.
- 2025–2026 оқу жылы: Жоғары деңгей – 48–55%, орташа – 33–42%, төмен – 8–18%.

Бағдарламаны меңгерудің бастапқы мониторингінің нәтижелері (топтағы балалар санынан %-бен):

- 2024–2025 оқу жылы: Жоғары деңгей – 14–18%, орташа – 51–70%, төмен – 13–31%.
- 2025–2026 оқу жылы: Жоғары деңгей – 30–53%, орташа – 30–50%, төмен – 17–25%.

2024-2025 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру
1	АБВГДейка	20	ж-25% о-35% т-40%	ж-17% о-15% т-68%	ж-15% о-85% т-0%	ж-1% о-42% т-57%	ж-5% о-90% т-5%
2	Ақбота	25	ж-20% о-40% т-40%	ж-22% о-57% т-21%	ж-24% о-64% т-12%	ж-25% о-53% т-22%	ж-24% о-40% т-36%
3	Жұлдыздар	25	ж-24% о-68% т-8%	ж-32% о-52% т-16%	ж-28% о-56% т-16%	ж-27% о-56% т-17%	ж-28% о-56% т-16%
4	Смышлята	25	ж-0% о-84% т-16%	ж-0% о-72% т-28%	ж-0% о-80% т-20%	ж-0% о-78% т-22%	ж-12% о-72% т-16%

5	**Қорытынды**	**95**	**ж-17% о-58% т-25%**	**ж-18% о-51% т-31%**	**ж-17% о-70% т-13%**	**ж-14% о-58% т-28%**	**ж-18% о-63% т-19%**

Талдау: 2024-2025 оқу жылының басында ұйым бойынша орта есеппен бағдарламаны меңгерудің жоғары деңгейі 14%-дан (шығармашылық дағдылар) 18%-ға дейін (коммуникативтік және әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар) құрады, орташа деңгей басым болды (51–70%). Төмен деңгей – 13%-дан (танымдық дағдылар) 31%-ға дейін (коммуникативтік дағдылар). Ең әлсіз бағыт – коммуникативтік дағдыларды дамыту: «АБВГДейка» тобында (2 жас) балалардың 68%-ы төмен деңгей көрсетті, шығармашылық дағдылар бойынша – 57%. «Смышлята» тобында (5 жас) төрт бағыт бойынша жоғары деңгей жоқ, орташа деңгей басым (72–84%). Ең жоғары бастапқы көрсеткіштер – «Жұлдыздар» (жоғары деңгей 24–32%) және «Ақбота» (20–25%) топтарында.

2024-2025 оқу жылындағы аралық мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру
1	АБВГДейка	20	ж-30% о-50% т-20%	ж-18% о-22% т-60%	ж-25% о-75% т-0%	ж-12% о-62% т-26%	ж-25% о-50% т-25%
2	Ақбота	24	ж-54% о-29% т-17%	ж-25% о-56% т-19%	ж-33% о-46% т-21%	ж-39% о-36% т-25%	ж-25% о-50% т-25%
3	Жұлдыздар	25	ж-88% о-4% т-8%	ж-56% о-29% т-15%	ж-72% о-16% т-12%	ж-68% о-18% т-14%	ж-20% о-60% т-20%
4	Смышлята	24	ж-79% о-4% т-17%	ж-33% о-49% т-18%	ж-29% о-50% т-21%	ж-17% о-54% т-29%	ж-42% о-33% т-25%
5	**Қорытынды**	**93**	**ж-65% о-20% т-15%**	**ж-34% о-40% т-26%**	**ж-41% о-45% т-14%**	**ж-35% о-42% т-23%**	**ж-28% о-50% т-22%**

Талдау: жыл ортасына қарай ұйым бойынша орта есеппен жоғары деңгей 28–65% құрады (жыл басында – 14–18%). Ең көп өсуді физикалық даму көрсетті (17%-дан 65%-ға дейін, +48 п.т.), ең азын – әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар (18%-дан 28%-ға дейін, +10 п.т.). Ең жоғары нәтижелер – «Жұлдыздар» тобында (физикалық даму – 88%, танымдық дағдылар – 72%), алайда әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар бойынша жоғары деңгей балалардың 20%-ында. «АБВГДейка» тобында (2 жас) коммуникативтік дағдылар бойынша төмен деңгей сақталуда (60%). «Смышлята» тобында физикалық даму бойынша жоғары деңгей – 79%, шығармашылық дағдылар бойынша – 17%, шығармашылық дағдылар бойынша төмен деңгей – 29%.

2024-2025 оқу жылындағы қорытынды мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру
1	АБВГДейка	20	ж-95% о-5% т-0%	ж-85% о-15% т-0%	ж-100% о-0% т-0%	ж-96% о-4% т-0%	ж-100% о-0% т-0%
2	Ақбота	25	ж-88% о-12% т-0%	ж-88% о-11% т-1%	ж-88% о-12% т-0%	ж-88% о-12% т-0%	ж-88% о-12% т-0%
3	Жұлдыздар	25	ж-88% о-8% т-4%	ж-77% о-11% т-12%	ж-84% о-8% т-8%	ж-81% о-10% т-9%	ж-80% о-12% т-8%
4	Смышлята	25	ж-80% о-4% т-16%	ж-80% о-4% т-16%	ж-80% о-4% т-16%	ж-80% о-4% т-16%	ж-80% о-4% т-16%
5	Любознайки	11	ж-91% о-9% т-0%	ж-73% о-27% т-0%	ж-82% о-18% т-0%	ж-76% о-24% т-0%	ж-64% о-36% т-0%
6	**Қорытынды**	**106**	**ж-88% о-7% т-5%**	**ж-81% о-12% т-7%**	**ж-87% о-7% т-6%**	**ж-85% о-9% т-6%**	**ж-84% о-10% т-6%**

Талдау: 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша ұйым бойынша орта есеппен жоғары деңгей 81–88% (жыл басында – 14–18%), орташа – 7–12%, төмен – 5–7% құрады. Жыл басына қатысты жоғары деңгейдің өсуі: физикалық даму – +71 п.т., коммуникативтік дағдылар – +63 п.т., танымдық – +70 п.т., шығармашылық – +71 п.т., әлеуметтік-эмоционалдық – +66 п.т. Ең жоғары нәтижелер – «АБВГДейка» тобында (85–100%); «Смышлята» тобында төмен деңгей балалардың 16%-ында, «Жұлдыздар» тобында коммуникативтік дағдылар бойынша – 12%-ында сақталуда, бұл жеке жұмысты талап етеді. Төмен деңгейді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар көрсетті, оларда оқу жылының басымен салыстырғанда деңгей жоғарылады. 2025 жылғы наурызда ашылған «Любознайки» тобы қорытынды мониторингке енді: төмен деңгейдегі балалар жоқ, жоғары деңгей – 64%-дан (әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар) 91%-ға дейін (физикалық даму).

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылының басындағы және соңындағы мониторинг нәтижелерін салыстырмалы талдау балалардың бағдарламаны меңгеруінің өскенін көрсетеді, яғни барлық бағыттар бойынша балалар дамуының оң динамикасы байқалады. Тәрбиелеу-білім беру қызметі жеткілікті деңгейде іске асырылуда.

2025-2026 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру

1	Смышлята	20	ж-0% о-60% т-40%	ж-0% о-60% т-40%	ж-0% о-60% т- 40%	ж-0% о-60% т-40%	ж-0% о-60% т-40%
2	АБВГДейка	25	ж-40% о-44% т-16%	ж-4% о-44% т-52%	ж-16% о-32% т-52%	ж-20% о-56% т-24%	ж-12% о-64% т-24%
3	Ақбота	25	ж-48% о- 40% т- 12%	ж-48% о-40% т-12%	ж-48% о-40% т-12%	ж-48% о-40% т-12%	ж-48% о-40% т-12%
4	Жұлдыздар	25	ж-88% о-4% т-8%	ж-63% о-28% т-9%	ж-60% о- 32% т- 8%	ж-65% о-26% т-9%	ж-68% о-20% т-12%
5	Любознайки	22	ж-82% о-5% т-13%	ж-41% о-47% т-12%	ж-50% о-36% т-14%	ж-39% о-49% т-12%	ж-13% о-73% т-14%
6	**Қорытынды**	**117**	**ж-53% о-30% т-17%**	**ж-32% о-43% т-25%**	**ж-36% о-39% т-25%**	**ж-35% о-46% т-19%**	**ж-30% о-50% т-20%**

Талдау: 2025-2026 оқу жылының бастапқы мониторингінің нәтижелері бойынша (2025 жылғы қыркүйек) бес топта 117 тәрбиеленуші тексерілді. Ұйым бойынша орта есеппен жоғары деңгейді балалардың 30–53%-ы көрсетті (ең үлкен үлес – физикалық даму бойынша, 53%; ең кіші – әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар бойынша, 30%), орташа – 30–50%, төмен – 17–25%. Ең жоғары бастапқы көрсеткіштер – «Жұлдыздар» тобында (60–88%). «АБВГДейка» тобында ең әлсіз сала – коммуникативтік дағдылар (жоғары деңгей 4%, төмен – 52%). «Любознайки» тобында (әр жастағы) әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар балалардың 13%-ында жоғары деңгейде. «Смышлята» тобында (2 жас) жоғары деңгей жоқ: балалардың 60%-ы – орташа, 40%-ы – төмен (бейімделу кезеңі).

2025-2026 оқу жылындағы аралық мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зият керлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру
1	Смышлята	20	ж-0% о-71% т-29%	ж-0% о-45% т-55%	ж-0% о-100% т-0%	ж-10% о-67% т-23%	ж-25% о-75% т-0%
2	АБВГДейка	25	ж-33% о-56% т-11%	ж-31% о-62% т-7%	ж-32% о-64% т-4%	ж-34% о-56% т-10%	ж-32% о-60% т-8%
3	Ақбота	25	ж-60% о-28% т-12%	ж-60% о-28% т-12%	ж-60% о-28% т-12%	ж-60% о-28% т-12%	ж-60% о-28% т-12%
4	Жұлдыздар	24	ж-88% о-4% т-8%	ж-69% о-21% т-10%	ж-76% о-16% т-8%	ж-68% о-20% т-12%	ж-80% о-12% т-8%
5	Любознайки	24	ж-75% о-13%	ж-71% о-15%	ж-75% о-13%	ж-72% о-15%	ж-75% о-13%

			т-12%	т-14%	т-12%	т-13%	т-12%
6	**Қорытынды**	**118**	**ж-53% о-33% т-14%**	**ж-48% о-34% т-18%**	**ж-50% о-42% т-8%**	**ж-50% о-37% т-13%**	**ж-55% о-36% т-9%**

Талдау: 2025-2026 оқу жылының ортасындағы аралық мониторинг бес топта (118 тәрбиеленуші) жүргізілді. Ұйым бойынша орта есеппен жоғары деңгей 48–55% құрады (жыл басында – 30–53%); ең көп өсу – әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар (30%-дан 55%-ға дейін, +25 п.т.), коммуникативтік (+16 п.т.) және танымдық (+14 п.т.) дағдылар бойынша. Төмен деңгей – 8–18% (ең үлкен үлес – коммуникативтік дағдылар бойынша, 18%). Ең жоғары нәтижелер – «Жұлдыздар» тобында (68–88%); «Ақбота» тобында көрсеткіштер біркелкі (жоғары – 60%, орташа – 28%, төмен – 12%); «АБВГДейка» тобында төмен деңгейдің үлесі аз (4–11%) болғанда орташа деңгей басым (56–64%). «Смышлята» тобында (2 жас) физикалық даму, коммуникативтік және танымдық дағдылар бойынша жоғары деңгей тіркелмеген, коммуникативтік дағдылар бойынша төмен деңгей – 55%; топқа күшейтілген жеке жұмыс қажет.

2025-2026 оқу жылындағы қорытынды мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру
1	Смышлята	20	ж-75% о-25% т-0%	ж-88% о-12% т-0%	ж-65% о-35% т-0%	ж-93% о-7% т-0%	ж-100% о-0% т-0%
2	АБВГДейка	25	ж-72% о-24% т-4%	ж-54% о-39% т-7%	ж-60% о-36% т-4%	ж-64% о-31% т-5%	ж-64% о-28% т-8%
3	Ақбота	24	ж-79% о-8% т-13%	ж-75% о-13% т-12%	ж-75% о-13% т-12%	ж-75% о-13% т-12%	ж-75% о-13% т-12%
4	Жұлдыздар	20	ж-95% о-0% т-5%	ж-81% о-14% т-5%	ж-85% о-10% т-5%	ж-87% о-8% т-5%	ж-90% о-5% т-5%
5	Любознайки	24	ж-75% о-13% т-12%	ж-71% о-17% т-12%	ж-75% о-13% т-12%	ж-71% о-17% т-12%	ж-75% о-13% т-12%
6	**Қорытынды**	**113**	**ж-79% о-14% т-7%**	**ж-73% о-19% т-8%**	**ж-72% о-21% т-7%**	**ж-77% о-16% т-7%**	**ж-80% о-12% т-8%**

Талдау: 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша ұйым бойынша орта есеппен бағдарламаны меңгерудің жоғары деңгейін тәрбиеленушілердің 72–80%-ы көрсетті (ең жоғары көрсеткіштер – әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар, 80%, және физикалық даму, 79% бойынша; ең төменгісі – танымдық дағдылар бойынша, 72%), орташа – 12–21%, төмен – 7–8%. Жыл басына қатысты жоғары деңгейдің өсуі: физикалық даму – +26 п.т., коммуникативтік дағдылар – +41 п.т., танымдық – +36 п.т., шығармашылық – +42 п.т., әлеуметтік-эмоционалдық – +50 п.т.

Жоғары деңгейдің ең үлкен үлесі – «Жұлдыздар» тобында (81–95%); ең кішісі – «АБВГДейка» тобында коммуникативтік дағдылар бойынша (54%). «Ақбота» және «Любознайки» топтарында төмен деңгей балалардың 12–13%-ында сақталуда, бұл 2026-2027 оқу жылында жеке жұмысты талап етеді. 2025-2026 жылдың қорытынды көрсеткіші 2024-2025 жылдың қорытындысынан төмен (жоғары деңгей 76% және 85%); салыстыру шамамен алынған, өйткені топтардың жас және сандық құрамы өзгереді, ал 2025-2026 жылы әр жастағы топ жұмыс істеді.

2026-2027 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелері

№	Топтың атауы	Балалар	Физикалық даму	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зият керлік дағдыларды дамыту	Шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру
1	Жұлдыздар	20	ж-20% о-45% т-35%	ж-20% о-41% т-39%	ж-20% о-45% т-35%	ж-19% о-43% т-38%	ж-23% о-51% т-26%
2	Смышлята	25	ж-57% о-34% т-9%	ж-48% о-37% т-15%	ж-57% о-30% т-13%	ж-60% о-29% т-11%	ж-60% о-30% т-10%
3	АБВГДейка	25	ж-44% о-40% т-16%	ж-44% о-48% т-8%	ж-44% о-48% т-8%	ж-44% о-48% т-8%	ж-44% о-48% т-8%
4	Ақбота	11	ж-46% о-18% т-36%	ж-46% о-18% т-36%	ж-46% о-18% т-36%	ж-46% о-18% т-36%	ж-46% о-18% т-36%
5	Любознайки	18	ж-33% о-50% т-17%	ж-17% о-31% т-52%	ж-22% о-39% т-39%	ж-23% о-46% т-31%	ж-34% о-37% т-29%
6	**Қорытынды**	**99**	**ж-41% о-39% т-20%**	**ж-35% о-38% т-27%**	**ж-39% о-38% т-23%**	**ж-40% о-38% т-22%**	**ж-42% о-39% т-19%**

Талдау: 2026-2027 оқу жылының бастапқы мониторингінің нәтижелері бойынша бес топта 99 тәрбиеленуші тексерілді. Жоғары деңгейді балалардың 35–42%-ы көрсетті (ең үлкен үлес – әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар, 42%, және физикалық даму, 41% бойынша), орташа – 38–39%, төмен – 19–27%. Ең жоғары бастапқы көрсеткіштер – «Смышлята» тобында (48–60%); жоғары деңгейдің ең кіші үлесі – «Любознайки» тобында коммуникативтік дағдылар бойынша (17%, төмен деңгей – 52%) және «Жұлдыздар» тобында (19–23%, 2 жастағы балалардың бейімделу кезеңі).

«Ақбота» тобында (5 жас) төмен деңгей – 36%. 2025-2026 жылдың қорытындысымен (72–80%) салыстырғанда жыл басында жоғары деңгейдің үлесі төмен; бастапқы нәтижелерді салыстыру дұрыс: 2024-2025 жылдың басында жоғары деңгей – 17%, 2025-2026 жылдың басында – 37%, 2026-2027 жылдың басында – 39%.

2024–2027 оқу жылдарындағы мониторинг нәтижелерінің динамикасы

Көрсеткіш (5 сала бойынша орта есеппен)	2024–2025	2025–2026	2026–2027
Жоғары деңгей, бастапқы	17%	37%	39%
Жоғары деңгей, аралық	41%	51%	–

Жоғары деңгей, қорытынды	85%	76%	–
Төмен деңгей, бастапқы	23%	21%	23%
Төмен деңгей, қорытынды	6%	7%	–

Қорытынды: 2024-2027 оқу жылдарындағы мониторинг нәтижелерін салыстырмалы талдау әр оқу жылы ішінде барлық бес бағыт бойынша жоғары деңгейдегі тәрбиеленушілер үлесінің тұрақты өсуін көрсетеді: 2024-2025 жылы 17%-дан 85%-ға дейін, 2025-2026 жылы 37%-дан 76%-ға дейін. Бастапқы көрсеткіштер жылдан-жылға жоғары (17% – 37% – 39%), қорытынды кезеңдерде төмен деңгейдің үлесі тұрақты түрде 6–7% құрайды. Ең проблемалы бағыттар – ерте жас топтарындағы коммуникативтік дағдылар және танымдық дағдылар (2025-2026 жылдың қорытындысында жоғары деңгейдің ең кіші үлесі – 72%). Орташа және төмен деңгейдегі балалар, оның ішінде ЕБҚ бар балалар, жеке сүйемелдеуге алынды.

16-өлшемшарт. Баланың жеке даму картасындағы бақылау (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелері бойынша іс-шаралар өткізу

Оқу жылы ішінде Баланың жеке даму картасына Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылау нәтижелерін ескере отырып дамытушы, түзетуші іс-шаралар енгізіледі және оқу жылының соңында қорытынды бақылау нәтижелері бойынша баланың даму деңгейі айқындалады. Оқу жылының соңында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды бақылау нәтижелерін ескере отырып, Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес мектепалды тобы балаларының білік пен дағдыларының деңгейі айқындалады. Мектепалды жастағы баланың жеке даму картасы «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде толтырылады.

17-өлшемшарт. Үлгілік қағидаларға сәйкес оқу жылының басында жас тобына ауыстыру және оны қалыптастыру бойынша талаптардың сақталуы 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Жасақтау және ауыстыру мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы) – топтарды жас қағидаты бойынша қалыптастыру, ауыстыру мерзімдері және топтардың толықтырылуы бөлігінде;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 өзгерістерімен) – жас кезеңдеріне бөлу және жас бойынша күтілетін нәтижелер бөлігінде;
- үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, өзгерістерімен) – әр жас тобы, оның ішінде әр жастағы топ үшін оқу жоспарлары бөлігінде;
- Тиісті оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар; • «Wunderkind-2023» ЖШС жарғысы.

2. Топтарды ауыстыру және жасақтау тәртібі

Ұйымда мамыр айында басталып, 1 қыркүйекке қарай аяқталатын жыл сайынғы ауыстыру және жасақтау циклі белгіленген; барлық кезеңдер педагогикалық кеңестің шешімдерімен және басшының бұйрықтарымен ресімделеді.

1. Қорытынды педкеңес (мамыр) Үлгілік оқу бағдарламасын меңгерудің қорытынды мониторингінің нәтижелерін қарайды және тәрбиеленушілерді келесі жас топтарына ауыстыру, мектепалды топтарының балаларын шығару және жаңа қабылдау туралы шешім қабылдайды (мәселе жыл сайын қорытынды педкеңестің жоспарына енгізіледі)
2. Мектепалды топтарының балаларын шығару мектепалды даярлық бағдарламасын меңгеру аяқталғаннан кейін 1 маусым мен 1 тамыз аралығында жүзеге асырылады.
3. Тәрбиеленушілерді келесі жас тобына ауыстыру 1 тамыздан бастап басшының бұйрығымен жүргізіледі; топ келесі жас сатысына толық құрамында көшеді.
4. Жаңа топтарды жасақтау және жұмыс істеп тұрған топтарды толықтыру оқу жылының басына қарай балалардың күнтізбелік жылда толатын жасы бойынша жүргізіледі: 2 жас – кіші топ, 3 жас – ортаңғы, 4 жас – ересек, 5 жас – мектепалды.
5. Бағдарлы педкеңес (тамыз) қалыптастырылған топтар үшін әр топтың жасына сәйкес жұмыс оқу жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін және перспективалық жоспарларды бекітеді; 1 қыркүйектен бастап топтар өз жас сатысының бағдарламасын меңгеруге кіріседі.

Контингент пен топтардың құрамы туралы мәліметтер ҰБДҚ-ға уақтылы енгізіледі. Топтардың толықтырылуы Үлгілік қағидаларға сәйкес келеді. Әр жастағы топты қалыптастыру (2025–2026 оқу жылы) ЖОЖ құрамында 4 және 5 жастағы балаларға арналған жеке оқу жоспарымен қамтамасыз етілген, бұл әр баланың өз жас сатысының бағдарламасын меңгеруіне кепілдік береді.

Тәрбиеленуші 1-сыныпқа қабылданғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерінің сақталуы.

Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімдерін айқындау кезінде «Wunderkind-2023» ЖШС Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) 4-тарауының 25, 26-тармақтарын басшылыққа алады, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Жарғыға сәйкес «Wunderkind-2023» ЖШС-ға балаларды қабылдау 2 жастан бастап жүргізілетіндіктен, оқу мерзімі 4 жылды, бір жас тобында – 1 жылды құрайды.

17-өлшемшарт бойынша ұйым өзін 5 баллға бағалайды: жас топтары жыл сайын оқу жылының басына қарай балалардың күнтізбелік жылда толған жасы бойынша қалыптастырылады, келесі жас тобына ауыстыру белгіленген мерзімде жүргізіледі, Үлгілік оқу бағдарламасының әр жас сатысы бір оқу жылы ішінде меңгеріледі.

18-өлшемшарт. Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Ата-аналармен жұмыс мыналарға сәйкес ұйымдастырылады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, білім беру ұйымының отбасымен өзара іс-қимылы;

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы) – отбасылармен өзара іс-қимыл және мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына консультациялық көмек көрсету бөлігінде;

Бірыңғай тәрбие бағдарламасы (2024–2025 оқу жылы – «Біртұтас тәрбие», ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығы; 2025–2026 оқу жылынан бастап – «Адал азамат», 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрық);

Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Ерте жастан дамыту институты, 2024) және 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар;

Педагогикалық әдеп қағидалары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы) – ата-аналармен, оның ішінде ата-аналар чаттарында қарым-қатынас әдебі бөлігінде;

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2. Ата-аналармен жұмыс жүйесі

Отбасылармен өзара іс-қимыл бірнеше өзара байланысты бағыттан тұратын жүйе ретінде құрылған, олардың әрқайсысы жыл сайын жоспарланады, бекітіледі және талданады.

Бағыт	**2024–2025**	**2025–2026**	**2026–2027**
Ата-аналармен жұмыс жоспары	29.08.2024 педкеңесте бекітілген (№ 1)	29.08.2025 педкеңесте бекітілген (№ 1)	28.08.2026 педкеңесте бекітілген (№ 1 хаттама)
Жалпы ата-аналар жиналыстары	тамыз, қыркүйек, мамыр	тамыз, қыркүйек, мамыр	тамыз, қыркүйек; мамыр – жоспар бойынша
Әжелер, аналар, әкелер мектептері	құрылды: бұйрық 02.09.2024 № 77	29.08.2025 жылғы № 69 бұйрық	28.08.2026 жылғы № 61 бұйрық
Балабақшаға бармайтын отбасыларға арналған консультациялық пункт	29.08.2024 жылғы № 69 бұйрық	29.08.2025 жылғы № 64 бұйрық	28.08.2026 жылғы № 59 бұйрық
Диалог алаңы	–	2026 жылғы сәуір және шілде	2026 жылғы қазан; әрі қарай жоспар бойынша

Ата-аналармен жұмыс жоспары интерактивті форматтағы топтық ата-аналар жиналыстарын (бейімделу, дербестік, тілді дамыту бойынша практикумдар), мамандардың кеңестерін, бірлескен іс-шараларды және сауалнаманы қамтиды; әр іс-шара үшін мерзімдер, жауаптылар, нақты іс-әрекеттер және растайтын құжат (хаттама, қатысушылар тізімі, жадынама) көрсетілген. 2026–2027 оқу жылынан бастап міндеттерге отбасыларда «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын, «Заң және тәртіп» идеологемасын және «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын қалыптастыру енгізілді.

3. Жалпы ата-аналар жиналыстары

Жалпы ата-аналар жиналыстары жылына үш рет өткізіледі: тамызда – ата-аналар мектептерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша, қыркүйекте – оқу жылының міндеттері бойынша, мамырда – оның қорытындылары бойынша; әрқайсысы қатысушылар саны көрсетілген хаттамамен ресімделген.

Оқу жылы	**Тамыз**	**Қыркүйек**	**Мамыр**

2024–2025	29.08.2024 – мектептерді құру, 50 адам	06.09.2024 – «Балабақша және отбасы – бірыңғай тәрбие кеңістігі», 38 адам	23.05.2025 – «Жыл қорытындысы. Баланың табысты дамуы үшін бірлесе», 47 адам
2025–2026	25.08.2025 – мектептердің ережелері, жоспарлары және құрамы, 62 адам	05.09.2025 – «Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығы», 45 адам	22.05.2026 – «Бала және отбасы: бірлескен жұмыстың нәтижелері», 42 адам; ата-аналар мектептерінің қорытынды отырысы – 60 адам
2026–2027	26.08.2026 – мектептердің ережелері, жоспарлары және құрамы, 55 адам	05.09.2026 – «Отбасы және балабақша: табысты, дербес және жауапты баланы тәрбиелейміз», 35 адам	жоспар бойынша

Жиналыстарда ата-аналар жылдың міндеттерімен, қауіпсіздік ережелерімен, бейімделу және мектепке дайындық мәселелерімен танысады, ата-аналар мектептерінің құрамын сайлайды, ұсыныстар енгізеді; жиналыстардың шешімдері хаттамаларда тіркеледі және жоспарлау кезінде ескеріледі.

4. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»

Ата-аналар мектептері 2024 жылы жалпы ата-аналар жиналысының шешімімен құрылды және жыл сайын атқарушы директордың бұйрығымен ережелерді, жоспарды, іс-шаралар кестесін және қатысушылардың тізімдік құрамын бекіте отырып ұйымдастырылады.

Әжелер мектебі – ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды ұрпаққа жеткізу: «Отбасы – бақыт мекені», «Әжемнің ертегілері» кездесулері, Наурызға арналған ұлттық ойындар, «Біздің балалық шағымыздың ойындары мен ойыншықтары», «Әжем, анам және мен» байқауы. 2024–2025 жылы – 26 қатысушы, 6 іс-шара, 60 қатысу; 2025–2026 жылы – 43 қатысушы, 6 отырыс.

Аналар мектебі – психологиялық-педагогикалық қолдау және эстетикалық тәрбие: «Мен – анамның көмекшісімін» шеберлік сыныбы, дәстүрлер туралы мәдени-ағартушылық сағат, ұрпақтардың өзара түсінісуі туралы семинар-практикум, «Қыз еркем, кестесімен көркем» шығармашылық іс-шарасы, «Біз – бақытты отбасымыз» фотокөрмесі. 2025–2026 жылы тізімдік құрамда 47 ана.

Әкелер мектебі – тәрбиедегі әкенің рөлін арттыру: спорттық және еңбек іс-шаралары, шеберлік сыныптары, әкелердің мерекелерге қатысуы. 2025–2026 жылы тізімдік құрамда 40 әке.

Әр мектеп бойынша іс-шаралар бойынша қатысуды есепке алу тізімдік құрамнан қатысу үлесін есептей отырып жүргізіледі. Жыл соңында кері байланыстың бірыңғай сауалнамасы бойынша сауалнама жүргізіледі, мектептер жұмысының қорытындылары қорытынды отырыста және қорытынды педкеңесте тыңдалатын жылдық есептерде шығарылады; ата-аналардың ұсыныстары келесі жылдың жоспарына енгізіледі.

5. Ата-аналарға арналған диалог алаңы

2026 жылдан бастап бекітілген жоспар бойынша диалог алаңы жұмыс істейді – бұл ата-аналар педагог-психологпен, әдіскермен және тәрбиешілермен бірге тәрбиенің өзекті мәселелерін талқылап, бірлескен ұсынымдар әзірлейтін пікірталас нысаны.

Күні	Тақырыбы және нысаны	Ата-аналардың қатысуы	Нәтижесі

14.04.2026	«Гендерлік тәрбие: отбасындағы үйлесім жолы» – онлайн-кеңес, сауалнама, жағдаяттарды талдау	14 ата-ана	«Отбасындағы үйлесім формуласы» ұсынымдары
15.07.2026	«Қауіпсіз және белсенді жаз» – «Жазғы патруль» квест-практикумы (офлайн)	14 ата-ана	жазғы демалыс қауіпсіздігі жөніндегі жадынамалар
09.10.2026	«Гаджеттердің байланыстырып сөйлеуді дамытуға әсері» – сауалнамасы бар пікірталас клубы	15 ата-ана	«Отбасылық цифрлық кодекс», үйге арналған сөйлеу ойындары

Әр отырыс қатысқан ата-аналардың атаулы тізімі, алдын ала сауалнама қорытындылары және әзірленген ұсынымдар көрсетілген хаттамамен ресімделеді.

6. Консультациялық пункт

Консультациялық пункт ұйымның жұмысын балалары балабақшаға бармайтын аудан отбасыларына кеңейтеді: ата-аналар ұйым мамандарынан диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек алады.

жыл сайын бұйрық шығарылады, Ереже, мамандар құрамы, жұмыс жоспары мен кестесі бекітіледі (дүйсенбі, сәрсенбі, жұма 13:00-ден 15:00-ге дейін, ай сайынғы шеберлік сыныптары мен семинарлар); мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалары бар отбасылардың банкі қалыптастырылады (2025–2026 оқу жылы – 15 отбасы); өтініштер есепке алу журналында тіркеледі; тренингтер мен шеберлік сыныптары («Балабақшаға алғаш рет», «Бірге дамимыз», «Қол моторикасының тілді дамытуға әсері», «Біз бәріміз әртүрліміз»), күндізгі және онлайн жеке кеңестер өткізіледі; 2025–2026 оқу жылында 120 кеңес өткізілді; КП жұмысы туралы жылдық есептер педкеңесте тыңдалады.

7. Өзара іс-қимылдың басқа нысандары және кері байланыс

Ата-аналардың тәрбие және оқыту жағдайларына қанағаттануы туралы сауалнамасын (2025 және 2026 жылдардың сәуірі) Қамқоршылық кеңес ұйымдастырады; нәтижелер мен ұсынымдар оның отырыстарында қаралады және жұмыста ескеріледі.

Ата-аналардың басқаруға қатысуы: ата-аналар қауымдастығының өкілдері Қамқоршылық кеңестің құрамына кіреді (кеңес төрағасы – тәрбиеленушінің ата-анасы), бюджет бойынша ұсыныстар енгізеді, қауіпсіздік пен тамақтануды бақылайды.

Күнделікті өзара іс-қимыл: балаларды қабылдау кезіндегі әңгімелер мен кеңестер, циклограммалардағы «Өнегелі 15 минут», даму мониторингінің қорытындылары бойынша жеке ұсынымдар, ППСҚ шеңберінде ЕБҚ бар балалардың отбасыларымен жұмыс.

Бірлескен іс-шаралар: ертеңгіліктер, бітіру кештері, экологиялық акциялар («Таза аула»), отбасылық көрмелер, «Кітап оқитын ұлт» жобалары, ашық есік күндері.

Ақпараттық сүйемелдеу: ресми интернет-ресурс wunderkind-2023.edu.kz, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша бекітілген бірыңғай қарым-қатынас ережелері бойынша топтардың ата-аналар чаттары.

8. 18-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – ата-аналарды тарту ұйымдастырылған және жүйелі негізде жүзеге асырылады; жұмыстың әртүрлі нысандары өткізіледі; ата-аналардың қатысуы мен өзара іс-қимыл нәтижелері құжаттамада көрсетілген. *Растайтын материалдар:*

5. Материалдық-техникалық жарақтандыруға қойылатын өлшемшарттар

19-өлшемшарт. Жабдықтар мен жиһаздың жарақтандыру нормаларына сәйкестігі 1. Өлшемшарт және нормативтік база

«Wunderkind-2023» ЖШС-да Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы) 1-тарауының 9-тармағы сақталады: мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер.

Барлық жас топтары жиһазбен және ойын жабдықтарымен қамтамасыз етілген, оларды іріктеу осы топтардағы балалар дамуының жас және физиологиялық ерекшеліктерін, бағдарламалық талаптарды және санитариялық нормалар мен қағидалардың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бөбекжай-бақшаның аумағында ойын алаңдары бар: біреуі – ерте жастағы балаларға, үшеуі – мектепке дейінгі жасқа, біреуі – мектепалды тобына, дене шынықтыру және шаруашылық алаңдары. Ойын алаңдарының қиыршықтас-құм қоспасынан және шөпті (ерте жас) жабыны бар. Балалардың жасына қарай көлеңкелі шатырлармен (веранда), құм салғыштармен, балалар ойын жабдықтарымен жарақталған. «Любознайки» тобының учаскесінде киіз үй орнатылған. Балалар спорт кешенімен жабдықталған, жабыны резеңке үгіндісі бар жасанды көгал болып табылатын спорт алаңы бар.

Шаруашылық алаңының асфальт жабыны бар, қақпағы және шатыры бар ҚТҚ контейнерлерімен жабдықталған.

19-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау – 5 балл.

20-өлшемшарт. Бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік шарттарының сақталуы 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Ұйымның қауіпсіздігі мыналарға сәйкес қамтамасыз етіледі:

Білім беру саласындағы объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы);

Өрт қауіпсіздігі қағидалары және өрт дабылы мен хабарлау жүйелеріне қойылатын талаптар;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы) – тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау бөлігінде.

2. 5 балдық өлшеуішке сәйкестігі

Өлшеуіште көрсетілген барлық элементтер ұйымда бар және жұмыс істейді.

Өлшеуіштің талабы	Ұйымдағы жай-күйі	Сәйкестік

Сыртқы бейнебақылау	учаске периметрі бойынша 3 бейнекамера: кіреберіс, қақпа және қақпашық, аумақ	сәйкес келеді
Ішкі бейнебақылау	ғимаратта 19 бейнекамера: кіреберістер, дәліздер, баспалдақ маршевтері, топтық үй-жайлар және адамдар көп жиналатын орындар	сәйкес келеді
Хабарлау жүйесі	төтенше жағдайлар кезіндегі дыбыстық хабарлау жүйесі, автоматты өрт дабылы	сәйкес келеді
Дабыл түймесі	дабыл түймесі жедел басқару орталығына қосылған	сәйкес келеді
Домофон жүйесі	ғимаратқа кіреберістегі домофон, келушілерді сәйкестендіргеннен кейін жіберу	сәйкес келеді
Қауіпсіздік шаралары толық көлемде	терроризмге қарсы қорғалу паспорты, қоршау және жарықтандыру, нұсқамалар мен оқу-жаттығулар (4-бөлім)	сәйкес келеді

3. Қорғаудың инженерлік-техникалық құралдары

Бейнебақылау: барлығы 22 бейнекамера – учаске периметрі бойынша 3 сыртқы және ғимарат ішінде 19; бейнекөрініс бекеттің мониторына шығарылады, жазбалар белгіленген мерзім ішінде сақталады және уәкілетті органдардың сұрауы бойынша беріледі. Жүйенің жарамдылығын жауапты тұлға тексереді.

Қоршау және жарықтандыру: аумақ бүкіл периметрі бойынша металл қоршаумен қоршалған, көгалдандырылған; ғимарат периметрі бойынша қараңғы уақытта аумақтың көрінуін және камералардың жұмысын қамтамасыз ететін сыртқы электр жарықтандыруы көзделген.

Дабыл белгісі: сигналы жедел басқару орталығына шығарылған дабыл түймесі полиция жасағын дереу шақыруға мүмкіндік береді.

Хабарлау жүйесі және өрт қауіпсіздігі: жұмыс істейтін автоматты өрт дабылы, төтенше жағдайлар кезіндегі дыбыстық хабарлау жүйесі, жабдықталған авариялық шығу жолдары, алғашқы өрт сөндіру құралдарының қажетті саны, кірме жолдар өрт қауіпсіздігі талаптарына сай, эвакуациялау жоспарлары қабаттарда орналастырылған. Кіруді бақылау: кіреберістегі домофон жүйесі; бөгде адамдардың сәйкестендірусіз кіруі мүмкін емес.

Инженерлік желілер: ғимарат қаланың суық және ыстық сумен жабдықтау, кәріз, жылыту желілеріне қосылған; асфальт жабыны бар және қақпағы мен шатыры бар ҚТҚ контейнерлері бар шаруашылық алаңы.

4. Қауіпсіздіктің ұйымдастырушылық шаралары

Ұйымдастырушылық шаралар жыл сайын (күнтізбелік жылдың басында) басшы бұйрықтарының жиынтығымен ресімделеді; жыл ішінде жауапты тұлға ауысқан кезде жаңа бұйрықтар шығарылады.

Шара	2024	2025	2026
Терроризмге қарсы қауіпсіздікке жауапты тұлғаны тағайындау	03.01.2024 жылғы № (Мельхер Е.В.); 02.05.2024 бастап – № 44 (Жандырова Н.Р.)	05.01.2025 жылғы № 25	05.01.2026 жылғы № 23
Терроризмге қарсы қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары	03.01.2024 жылғы № 29	05.01.2025 жылғы № 26	05.01.2026 жылғы № 24

Терактілер қаупі кезінде қызметкерлердің іс-әрекеті жөніндегі нұсқаулықтар	03.01.2024 жылғы № 33	05.01.2025 жылғы № 28	05.01.2026 жылғы № 26
Терроризмге қарсы қорғалу бойынша балалармен сабақтардың тақырыптары	03.01.2024 жылғы № 32	05.01.2025 жылғы № 27	05.01.2026 жылғы № 25
Терроризмге қарсы профилактикалық және оқу іс-шараларының кестесі	№29 бұйрыққа 2-қосымша 03.01.2024	05.01.2025 жылғы №29	05.01.2026 жылғы № 27
Өрт қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар жоспары	03.01.2024 жылғы № 18	05.01.2025 жылғы № 15	05.01.2026 жылғы № 13
Эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулардың жоспар-кестесі (мамыр, қараша)	№ 18 бұйрыққа қосымша	05.01.2025 жылғы № 16	05.01.2026 жылғы № 14
Аумақ пен ғимараттың күтіп-ұсталуына жауапты тұлға	03.01.2024 жылғы № 19; 02.05.2024 – № 45	№ 17, № 18 05.01.2025	05.01.2026 жылғы № 15, № 16

Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты («Wunderkind-2023» ЖШС, «Wunderkind» бөбекжай-бақшасы, Жітіқара қ., 6 шағын аудан, 29 құрылыс) ҚР ІІМ 14.06.2023 жылғы № 481 және ҚР ҰҚК 26.06.2023 жылғы № 51/қе бірлескен бұйрығымен бекітілген үлгілік нысан бойынша 2025 жылы әзірленді, ЖШС директоры бекітті және Қостанай облысы Полиция департаментінің бастығымен келісілді; паспорттың «Құпия» белгісі бар, ұйымда белгіленген тәртіппен сақталады және тек уәкілетті тұлғаларға беріледі. **Жауапты тұлға** терроризмге қарсы қорғалу, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, автоматты өрт дабылын пайдалану және аумақты күтіп-ұстау бойынша – өрт-техникалық минимум бойынша 31.07.2024 жылғы № 2 біліктілік куәлігі бар («ПРОФИ» оқу орталығы» ЖШС) шаруашылық меңгерушісі Жандырова Н.Р. (02.05.2024 бастап); тәрбиелеу-білім беру процесінің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік әдіскерге және топ тәрбиешілеріне жүктелген

Өткізу және объектішілік режим: балаларды тек ата-аналарға (заңды өкілдерге) және өтініш бойынша сенім білдірілген адамдарға қабылдау және беру; келушілерді есепке алу; аумаққа автокөліктің кіруін бақылау.

Нұсқамалар мен оқу-жаттығулар: қызметкерлермен теракт жасау қаупі және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша нұсқамалар өткізіледі; балалар мен персоналды эвакуациялау бойынша жоспарлы практикалық жаттығулар құжаттарды ресімдей отырып кесте бойынша өткізіледі.

Балалармен және ата-аналармен жұмыс: тәрбиеленушілермен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізіледі («Қауіпсіз әдеттер апталығы», «Жас құтқарушылар академиясы» квесі, жол жүрісі ережелері бойынша сабақтар); ата-аналар қауіпсіздік ережелері туралы жиналыстарда және интернет-ресурс арқылы хабардар етіледі.

Қоғамдық бақылау: Қамқоршылық кеңес тоқсан сайын өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздікті, бейнебақылауды және өткізу режимін бақылау нәтижелерін қарайды; бұзушылықтар анықталған жоқ.

5. 20-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау – 5 балл: ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі, хабарлау жүйесі, жедел басқару орталығына шығарылған дабыл түймесі, домофон жүйесі жұмыс істейді; терроризмге қарсы, өрт және жалпы қауіпсіздік шаралары толық көлемде іске асырылады.

6. Оқу-әдістемелік және цифрлық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар

21-өлшемшарт. Мектепалды даярлық бойынша ҮОБ-ты іске асыруға арналған оқу-әдістемелік кешендердің болуы 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Мектепалды даярлықты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, тиісті оқу жылына өзгерістерімен);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрі м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрықтың редакциясында) – мектепалды даярлық бөлімі (5 жастағы балалар);

Үлгілік оқу жоспарлары (№ 557 бұйрық, 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 өзгерістерімен) – мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің тізбесі;

Тиісті оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар.

2. Оқу-әдістемелік кешендер

Әр мектепалды тобы үшін Тізбеге (№ 216 бұйрық) енгізілген топтың оқыту тіліндегі ОӘК пайдаланылады. Жиынтыққа мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің бөлімдері бойынша балаларға арналған оқу құралдары мен жұмыс дәптерлері және педагогке арналған әдістемелік нұсқаулық кіреді.

ОӘК оқу жылының басына қарай Тізбенің қолданыстағы редакциясы негізінде әдіскердің өтінімі бойынша сатып алынады; кешендердің Тізбеге сәйкестігін әдістемелік қызмет жаңа оқу жылына дайындық кезінде жыл сайын тексереді, ОӘК таңдау туралы мәліметтер әдістемелік кеңесте қаралады.

4. ОӘК-ті пайдалану

ОӘК мектепалды топтарындағы ұйымдастырылған іс-әрекетті перспективалық жоспарлаудың негізі болып табылады: тақырыптар мен міндеттер Үлгілік оқу бағдарламасымен және жұмыс оқу жоспарымен келісіледі.

Жұмыс дәптерлерін балалар ұйымдастырылған іс-әрекетте жеке және дербес іс-әрекетте бекіту үшін пайдаланады; әдістемелік нұсқаулықты педагог циклограммаларды құрастыру кезінде пайдаланады.

Мектепалды даярлықтың нәтижелілігі қорытынды мониторингпен расталады: 2025–2026 оқу жылында тәрбиеленушілердің 76 %-ының даму деңгейі жоғары болды; мектепалды топтарының түлектері мектепте оқуға дайын, мектеппен өзара іс-қимыл сабақтастық жоспары шеңберінде жүргізіледі.

Қосымша балалар көркем әдебиеті, көрнекі-дидактикалық материалдар және цифрлық ресурстар (оның ішінде «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша), сондай-ақ қолды жазуға және сауат ашуға дайындауға арналған материалдар пайдаланылады.

5. Өзін-өзі бағалау және растайтын материалдар

21-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – мектепалды топтары әр топтың оқыту тілінде, әр балаға және педагогке жететін мөлшерде № 216 бұйрықпен бекітілген Тізбедегі оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген; ОӘК мектепалды даярлық бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін пайдаланылады.

22-өлшемшарт. Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы 1. Өлшемшарт және нормативтік база

Жарақтандыру мыналарға сәйкес бағаланады:

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, тірк. № 13272) – мектепке дейінгі ұйымдарға арналған бөлім, даму бағыттары бойынша материалдар;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 348 бұйрығы) – дағдыларды дамытудың бес бағыты;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы – оларды іске асыру үшін материалдар іріктелетін жас бойынша міндеттер.

2. Топтарды қамту

Жарақтандыру туралы мәліметтер жас сатылары бойынша жасалған және барлық бес топты қамтиды

3. Даму бағыттары бойынша материалдар

Оқу және ойын материалдары МЖМБС-та көзделген бес даму бағытының әрқайсысы әр жас тобында қамтамасыз етілетіндей, ал материалдардың күрделілігі мен саны ерте жастан мектепалды жасқа қарай артатындай етіп іріктелген.

Төменде әр бағыт бойынша негізгі материалдар аталған; әр жас тобы бойынша саны көрсетілген толық тізбе Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтерде (қосымша) келтірілген.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Балалардың тілін дамыту және қарым-қатынасы сюжеттік ойын, театрландыру және кітаппен жұмыс арқылы қолдау табады. Топтарда қуыршақтар (мектепалды топтарында – 44), оның ішінде ұлттық киімдегі және маусымдық киімдегі, қуыршақ театрының жиынтықтары, «Киіз үй және оның жасауы» ойын жиынтығы, ойыншық жиһаз, ыдыс-аяқ және көлік бар. Байланыстырып сөйлеуді дамыту үшін сюжеттік және заттық суреттер, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, глобус пайдаланылады. Әр топта балалар кітаптары мен ертегілерінің, оның ішінде сөйлейтін кітаптардың жиынтықтары жинақталған, жиынтықта кемінде 15 кітап. Ең кішкентайларға бір мезгілде ұсақ моториканы және ересекпен бірлескен әрекеттерде тілді дамытатын бау, түйме және ілгектері бар ойыншықтар көзделген.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Негізін санауға, түске, өлшемге, пішінге және кеңістікте бағдарлауға арналған дидактикалық ойындар, ірі және ұсақ бөлшектері бар құрастырғыштар, геометриялық фигуралар жиынтықтары құрайды. Үлестірмелі математикалық материал әр балаға жеткілікті: Дьенеш логикалық блоктары барлық топтарда тізімдік құрам бойынша санда бар, ал үш жастан бастап – санау материалы, санау таяқшалары және цифрлар кассасы. Мектепалды топтарында материал күрделене түседі және балаларды математиканы оқуға дайындайды: танграм, гірлері бар таразы, өлшеуіш стақандар, демонстрациялық сағат, өлшеуіш таспа, 10-ға дейінгі сандары бар карточкалар, санау желпуіштері. Логикалық ойлауды және ереже бойынша ойнай білуді шахмат, дойбы, пазлдар, лото, домино, мозаика, Рубик текшесі, бизибордтар және электрондық зияткерлік ойындар дамытады.

Шығармашылық дағдыларды және зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Сурет салуға, мүсіндеуге және жапсыруға арналған материалдар барлық топтарда әр балаға есептеліп бар және трафареттермен, бояуға арналған кітапшалармен, мольберттермен толықтырылған. Музыкалық-шығармашылық дамуды кішкентайларға арналған сылдырмақтар мен музыкалық ойыншықтар, ересек балаларға арналған шулы аспаптар мен қоңыраулар, ал театрландырылған іс-әрекетті – костюмдер, саусақ және көленке театры қамтамасыз етеді. Табиғатты тану үшін әр топта бөлме өсімдіктері және оларды күтуге арналған құралдар, табиғат күнтізбесі, тәжірибеге арналған жиынтықтар және табиғат туралы кітаптар бар; үш жастан бастап балалар лупаларды, ал ересек және мектепалды топтарында – микроскопты, гербарийлерді және қазба байлықтар коллекцияларын пайдаланады, бұл нағыз шағын зерттеулер ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту және сауықтыру.

Топтарда әртүрлі өлшемдегі доптар, құрсаулар, гимнастикалық таяқтар, кеглдер, лақтыруға арналған қапшықтар, гимнастикалық кілемшелер, массаж жолақтары, жалпақтабанның және дене бітімі бұзылуының алдын алуға, сондай-ақ ұлттық және қимылды ойындарға арналған жабдықтар бар; спорт, тамақтану және салауатты өмір салты туралы альбомдар балаларда өз денсаулығына қамқорлық жасау туралы алғашқы түсініктерді қалыптастырады. Топтық жабдықтар спорт-музыка залының жарақтарымен – гимнастикалық қабырғалармен, астынан өтуге арналған доғалармен, маттармен, арқандармен, арқан баспалдақпен, көп мөлшердегі доптармен, құрсаулармен және секіргіштермен – және алаңдардағы ойын кешендерімен толықтырылады, бұл бүкіл топпен бір мезгілде шұғылдануға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік дағдыларды және командалық жұмысты дамыту.

Келісе білу, рөлдерді бөлу және бірге әрекет ету сюжеттік-рөлдік ойындарда дамиды, олар үшін әр топта тақырыптық жиынтықтар, қуыршақ арбалары, мамандық костюмдері және ойыншық құралдар бар. Отбасымен және оның тарихымен танысуды шежіре ағашын құрастыруға арналған панно қолдайды, ал ережесі бар үстел үсті ойындары – лото, домино, дамытушы ойындар – балаларды өз кезегін күтуге, ережелерді сақтауға және ортақ нәтижеге қуануға үйретеді.

Осылайша, бес даму бағытының әрқайсысы бойынша материалдар барлық жас топтарында бар.

4. Ұйымның қосымша ресурстары

Спорт-музыка залы: пианино, интерактивті панель, балалар және ұлттық музыкалық аспаптары, музыка тыңдауға арналған иллюстрациялар, композиторлардың портреттері, спорт жабдықтары.

Педагог-психолог кабинеті: дамытушы ойындар (10), арт-терапиялық блоктар (5), диагностикалық минимум (5), балалар жиһазы – жеке және шағын топтық жұмыс үшін, оның ішінде ЕБҚ бар балалармен.

Ойын және спорт алаңдары: 15 ойын кешені, 5 шатыр, 5 құм салғыш, сырғанақтар мен әткеншектер – серуенде қимыл-қозғалыс, ойын және зерттеу іс-әрекеті үшін.

5. 22-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау – 4 балл: барлық жас топтарында бес даму бағытының әрқайсысы бойынша – коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және зерттеу, қимыл-қозғалыс, әлеуметтік дағдылар бойынша оқу және ойын материалдары бар; материалдар балалардың жасы мен саны бойынша іріктелген және спорт-музыка залының, педагог-психолог кабинетінің және ойын алаңдарының жарақтарымен толықтырылады.

23-өлшемшарт. Тәрбиелеу-білім беру процесінде цифрлық технологиялармен қамтамасыз етілу және оларды пайдалану

1. Өлшемшарт және нормативтік база

Цифрлық технологиялар мыналарға сәйкес пайдаланылады:

- Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығы, тірк. № 30534);
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы) – оқытудың техникалық құралдары бөлігінде;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС және Үлгілік оқу бағдарламасы – жас шектеулерін сақтай отырып цифрлық құралдарды қосалқы құрал ретінде пайдалану бөлігінде;
- 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарына арналған нұсқаулық-әдістемелік хаттар – педагогтердің академиялық адалдық пен ақпараттық қауіпсіздікті сақтай отырып цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалануы, балалардың жеке электрондық құрылғыларды пайдалануын шектеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар – экрандық құралдарды пайдалану ұзақтығы бөлігінде;
- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2. Цифрлық жабдықтармен және Интернетпен қамтамасыз етілу

Барлық топтар мен мамандардың кабинеттері цифрлық ресурстарды пайдалана отырып ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге арналған техникалық құралдармен, педагогтер Интернет желісіне қолжетімділігі бар жұмыс орындарымен қамтамасыз етілген.

Жабдық / қызмет	**Саны**	**Қайда пайдаланылады**
Интерактивті панель	1	музыка залы
Экраны бар мультимедиялық проекторлар	1	музыка залы, топтар (тасымалы)

Педагогтерге арналған компьютерлер мен ноутбуктер	5	әдістемелік кабинет, топтар, педагог-психолог кабинеті
КФҚ (принтер, сканер, көшірме құрылғысы)	2	әдістемелік кабинет, әкімшілік
Дыбыс жабдықтары (колонкалар, микрофондар)	4	музыка залы, топтар
Интернет желісіне қолжетімділік	провайдер «ТрансТелеком» АҚ, жылдамдығы 20 Мбит/с	сымды желі және Wi-Fi

Техникалық құралдармен жарақтандыру Жарақтандыру нормаларына (№ 70 бұйрық) сәйкес келеді. Интернет желісіне қолжетімділікті жалға алу шарты бойынша жалға беруші қамтамасыз етеді.

3. Цифрлық технологияларды пайдалану

Цифрлық технологиялар үш бағытта қолданылады: балалармен жұмыста жас шектеулерін сақтай отырып қосалқы құрал ретінде, педагогтердің әдістемелік жұмысында және басқаруда әрі ата-аналармен өзара іс-қимылда.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде.

Цифрлық құралдар тірі қарым-қатынас пен ойынның орнына емес, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір бөлігі ретінде пайдаланылады: қоршаған әлеммен, табиғатпен және туған өлкемен таныстыру кезінде мультимедиялық презентациялар мен бейнефрагменттер; көркем шығармалардың, фольклордың және музыканың аудиожазбалары; тілді дамыту, сенсорика және математика негіздері бойынша интерактивті дидактикалық ойындар; орыс тілінде оқытатын топтарда қазақ тілді орта құру үшін «Тілге бойлау» бағдарламасының аудио- және бейнематериалдары; «Кітап оқитын ұлт» бастамасы шеңберінде оқуды ұйымдастыруға арналған электрондық ресурстар. Экрандық құралдарды пайдалану ұзақтығы балалардың жасына қарай мөлшерленеді; балалардың ұйымда жеке электрондық құрылғыларды (смартфондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды) пайдалануына жол берілмейді, бұл педагогикалық кеңестің 28.08.2026 шешімімен бекітілген.

Әдістемелік жұмыста. Педагогтер көркем шығармаларды іріктеу және дидактикалық материалдарды дайындау үшін олардың дұрыстығы мен балалардың жасына сәйкестігін тексере отырып цифрлық ресурстарды пайдаланады. Әдістемелік қызмет «Wunderkind2023 ШТ әдістемелік қоржыны» электрондық жинағын құрды (28.08.2026 педкеңесте мақұлданды). Цифрлық құзыреттілік мәселелері педагогикалық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына енгізілген: 2026 жылғы қарашадағы отырыста көркем шығармаларды іріктеуге арналған цифрлық ресурстар қаралады, 2027 жылғы наурыздағы отырыста «Тәрбиеші жұмысындағы жасанды интеллект» практикумы жоспарланған (материалдарды дайындау, авторлық құқық, дербес деректерді қорғау, академиялық адалдық). Педагогтер біліктілікті арттыру курстарынан және аттестаттаудан электрондық платформаларды пайдалана отырып өтеді.

Басқаруда және ата-аналармен өзара іс-қимылда. Контингент, педагогтер және мониторинг нәтижелері туралы мәліметтер ҰБДҚ-ға енгізіледі; edu.kz аймағында ресми интернет-ресурс жүргізіледі (wunderkind-2023.edu.kz). Ата-аналармен Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің

ұсынымы бойынша бекітілген бірыңғай қарым-қатынас ережелері бойынша топтардың ата-аналар чаттары, мамандардың онлайн-кеңестері және интернет-ресурста ақпарат орналастыру пайдаланылады.

4. Қауіпсіздік және цифрлық әдеп

Цифрлық технологияларды пайдалану ұйымның алқалы органдары қараған балаларды және дербес деректерді қорғау шараларымен сүйемелденеді.

- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес 10.12.2025 «Педагогтің цифрлық қарым-қатынас әдебі» отырыс-практикумын өткізді: «Цифрлық ортадағы педагог әдебі» жадынамасы дайындалды, ата-аналар чаттарын жүргізу ережелері әзірленді, ата-аналардың балаларды фото- және бейнетүсірілімге жазбаша келісімдерінің болуы тексерілді, балалар қатысқан материалдар тек ұйымның ресми ресурстарында орналастырылатыны айқындалды.
- Дербес деректерді қорғау: жарияланатын құжаттарда тәрбиеленушілер туралы мәліметтер иесіздендіріледі, ҰБДҚ-ға және электрондық құжаттарға тек жауапты қызметкерлердің қолжетімділігі бар.
- Ақпараттық қауіпсіздік: желі қорғалған, ұйымның құрылғыларында қажетсіз контентті сүзгілеу жұмыс істейді, балаларға арналған материалдарды педагог алдын ала іріктейді.
- Денсаулық сақтау: экран уақыты жасына қарай мөлшерленеді, балалардың жеке гаджеттерді пайдалануы Нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес шектелген. Балалармен білім беру және тәрбие жұмысының тиімділігі үшін көрнекі және демонстрациялық материал, бейне және аудиоматериалдар бар.

Педагогтер сондай-ақ электрондық ресурстарды белсенді пайдаланады:

1) https://vip-edu.mcfr.kz/ – «ACTUALIS: Білім беру» – әкімшілік пен педагогтерге арналған анықтамалық жүйе;

2) http://irrd.kz/page/read/news.html?&p=1 – ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ерте жастан дамыту институты республикалық мемлекеттік мекемесі.

23-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау – 5 балл: ұйым цифрлық жабдықтармен және Интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілген, цифрлық білім беру ресурстары заңнама талаптарын сақтай отырып тәрбиелеу-білім беру процесінде және әдістемелік жұмыста жүйелі түрде пайдаланылады.

24-өлшемшарт. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz аймағында домендік атаудың болуы

1. Өлшемшарт және нормативтік база

Ресми интернет-ресурс мыналарға сәйкес жүргізіледі:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптар (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 бұйрығы, тірк. № 30534) – білім беру ұйымының интернет-ресурсы edu.kz аймағындағы үшінші деңгейлі домендік атаумен пайдаланылады;
- Мемлекеттік аттестаттау қағидалары – өзін-өзі бағалау материалдарын аттестаттау басталғанға дейін кемінде 5 күн бұрын ресми интернет-ресурста орналастыру;

- Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары (№ 355 бұйрық) – кеңестің отырыстары мен шешімдері туралы ақпаратты орналастыру;
- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – тәрбиеленушілер мен қызметкерлер туралы мәліметтерді жариялау бөлігінде.

2. Домендік атау және ресурстың жұмыс істеуі

Ұйымның домендік атауы EDU.KZ ұлттық домендік аймағында заңды тұлғаға – «Wunderkind-2023» ЖШС-ға тіркелген, бұл аккредиттелген тіркеушінің сертификатымен расталған.

Параметр	**Мәні**
Домендік атау	wunderkind-2023.edu.kz
Иесі	«Wunderkind-2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 230740001476
Тіркеуші	«RS Solutions» ЖШС, домендік атаулардың аккредиттелген тіркеушісі
Сертификат	№ RS-6656-1790923368
Тіркелген күні	02.10.2026
Жарамдылық мерзімі	02.10.2027 дейін (кейіннен ұзартумен)

Интернет-ресурс тәулік бойы қолжетімді, мемлекеттік және орыс тілдерінде жұмыс істейді, компьютерлер мен мобильді құрылғыларда дұрыс көрсетіледі. Ресурсты жүргізуге және уақтылы жаңартуға жауапты қызметкер тағайындалған; ақпарат шешімдер қабылдануына және іс-шаралар өткізілуіне қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет жаңартылады.

3. Ақпараттың құрылымы мен өзектілігі

Ресурста ата-аналарға, педагогтерге және бақылаушы органдарға қажетті ақпарат бөлімдер бойынша топтастырылып орналастырылған.

Бөлім	**Мазмұны**
Ұйым туралы	атауы, құрылтай мәліметтері, лицензия (хабарлама), байланыстар, жұмыс режимі, басшылық
Құжаттар	жарғы, ішкі тәртіп ережелері, жылдық жұмыс жоспары, жұмыс оқу жоспары, күн тәртібі, жергілікті актілер
Алқалы органдар	педагогикалық, әдістемелік кеңестер, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес, Қамқоршылық кеңес: құрамдары, ережелері, жоспарлары, шешімдері
Педагогикалық ұжым	педагогтер, біліктілік санаттары, біліктілікті арттыру туралы мәліметтер
Бөлім	**Мазмұны**
Ата-аналарға	қабылдау және жасақтау тәртібі, Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңеске және Қамқоршылық кеңеске жүгіну тәртібі, мамандардың кеңестері, қолма-қол қаражат жинауға жол берілмейтіні
Жаңалықтар мен оқиғалар	іс-шаралар, «Кітап оқитын ұлт», «Тілге бойлау», «Таза Қазақстан», «Адал азамат» жобалары
Қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	қауіпсіздік ережелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, сенім телефондары
Мемлекеттік аттестаттау	білім беру қызметін өзін-өзі бағалау материалдары және растайтын құжаттар

Жарияланатын мәліметтерге қойылатын талаптардың сақталуы. Жарияланатын құжаттарда тәрбиеленушілердің дербес деректері иесіздендіріледі; балалар қатысқан фото- және бейнематериалдар тек ата-аналардың (заңды өкілдердің) жазбаша келісімімен орналастырылады, мұны Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес бақылайды. Қамқоршылық кеңестің хаттамалары мен шешімдері қол қойылғаннан кейін белгіленген мерзімде орналастырылады.

4. 24-өлшемшарт бойынша өзін-өзі бағалау: 5 балл – ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, wunderkind-2023.edu.kz домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау өлшемшарттары

Р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
Жалпы сипаттағы өлшемшарттар			
1	Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» және «Білім туралы» заңдарының талаптарына сәйкестігі	құжаттар заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
		құжаттар сәйкес келеді, болмашы техникалық алшақтықтар бар	
		құжаттарда сәйкессіздіктер бар (мәліметтер, қосымшалар, деректемелер)	
		лицензияның болмауы не құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі	
2	Білім беру ұйымы басшысының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі	біліктілік талаптарына сәйкес келеді; тағайындау белгіленген тәртіппен ресімделген	5
		біліктілік талаптарына сәйкес келеді; болмашы рәсімдік сәйкессіздіктер бар	
		жекелеген біліктілік талаптары сақталмаған	
		біліктілік талаптарына сәйкес келмейді не заңнаманы бұза отырып тағайындалған	
3	Мектепке дейінгі ұйым түрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі	толық сәйкес келеді	5
		сәйкес келеді, құжаттарда дәлсіздіктер бар	
		ішінара сәйкес келеді	
		сәйкес келмейді	
4			
		Жұмыс жоспарлары бар; отырыс хаттамалары ішінара ұсынылған не жүйесіз жүргізіледі	
		Жұмыс жоспарлары және (немесе) отырыс хаттамалары жоқ	
Кадрлық құрамға қойылатын өлшемшарттар			
5	Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлықты растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	
		90-99%	
		80-89%	
		80%-дан кем	2

Р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
6	Бес жылда кемінде бір рет біліктілік санатының деңгейін арттырған/растаған педагогтердің үлесі (оның ішінде басшылардың үш жылда кемінде бір рет)	100%	5
		90-99%	
		80-89%	
		80%-дан кем	
7	Үш жылда кемінде бір рет педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің (оның ішінде басшылардың, басшы орынбасарларының) үлесі	100%	5
		90-99%	
		80-89%	
		80%-дан кем	
Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар			
8	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы	талаптар сақталған	5
		талаптардың сақталуына әсер етпейтін бірлі-жарым техникалық ауытқулар жіберілген	
		міндетті талаптарды қозғамайтын жекелеген жүйесіз ауытқулар анықталған	
		талаптарға сәйкессіздік анықталған (топтарды қалыптастырудың жас шекаралары бұзылған)	
9	Үлгілік қағидаларға сәйкес бір жастағы және әр жастағы қағидат бойынша жас топтарының толықтырылуына қойылатын талаптардың сақталуы	барлық топтарда сақталған	5
		шекті толықтырудың сақталуына әсер етпейтін бірлі-жарым ауытқулар	
		жүйелі сипатта емес және нормативтерден асып кетуге әкеп соқпайтын жекелеген ауытқулар	
		белгіленген толықтырудан асып кету немесе талаптарды жүйелі сақтамау	
10	Үлгілік қағидаларға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕБҚ) бар тәрбиеленушілер болған кезде топтарды жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуы	талаптар толық сақталған	5
		бірлі-жарым рәсімдік сәйкессіздіктер (ресімдеу, мерзімдер)	
		балалардың құқықтарына әсер етпейтін толық сақтамаудың жекелеген жағдайлары	
		ЕБҚ бар топтарды жасақтауға қойылатын талаптарды сақтамау	
Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар			
11	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық	жоспарлау құжаттарының толық жиынтығының болуы (жұмыс оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограммалар, жеке даму карталары); жоспарлау мен нақты қызмет арасында алшақтықтардың болмауы	5
		құжаттардың толық жиынтығының болуы; жоспарлау мен нақты қызмет арасындағы алшақтықтар 1–2 позициядан аспайтын бойынша анықталған	
		1 жоспарлау құжатының болмауы не жоспарлау мен нақты қызмет арасында 3–5 позиция бойынша алшақтықтар	

Р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
	актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) үлгілік оқу жоспарларының (бұдан әрі – ҮОЖ) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың сәйкестігі	2 және одан да көп жоспарлау құжатының болмауы не жоспарлау мен нақты қызмет арасында 5-тен астам позиция бойынша алшақтықтар	
12	МЖМБС-та көзделген күн тәртібінің сақталуы және балалар іс-әрекетінің барлық түрлерімен қамтамасыз ету	күн тәртібі сақталады; балалар іс-әрекетінің барлық түрлері қамтамасыз етілген	5
		міндетті іс-әрекет түрлерін қозғамайтын болмашы ауытқуларға жол беріледі	
		МЖМБС-тың міндетті талаптарын қозғамайтын жекелеген бұзушылықтар	
		міндетті іс-әрекет түрлері қамтамасыз етілмеген не күн тәртібі МЖМБС-қа сәйкес келмейді	
13	МЖМБС талаптарына сәйкес тәрбиеленушілердің эмоционалдық саламаттылығын, жан-жақты және тұтас дамуын, сондай-ақ балалардың іс-әрекет түрлерін және бірлескен іс-әрекетке қатысушыларды таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін дамытушы ортаны құру	толық сәйкестік	5
		МЖМБС-ты іске асыруға әсер етпейтін болмашы сәйкессіздіктер	
		МЖМБС-ты іске асыруға кедергі келтірмейтін ішінара кемшіліктер	
		орта дамуды қамтамасыз етпейді, негізгі аймақтар жоқ, қауіпсіздік талаптары сақталмаған	
14	Үлгілік қағидаларға сәйкес ЕБҚ бар балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау	толық қамтамасыз етілген	5
		бірлі-жарым рәсімдік сәйкессіздіктер	
		міндетті талаптарды қозғамайтын толық қамтамасыз етпеудің жекелеген жағдайлары	
		бағдарламалар/сүйемелдеу жоқ не ЕБҚ бар балаларға жағдайлар қамтамасыз етілмеген	
15	ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы	толық цикл, МЖМБС-қа сәйкес келеді	5
		болмашы ауытқулар	
		мониторингтің міндеттілігін қозғамайтын ішінара іске асыру	
		мониторинг жүргізілмейді не МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді	
16	Баланың жеке даму картасындағы бақылау (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелері бойынша іс-шаралар өткізу	мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің кемінде 90%-ы барлық даму бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізді; нәтижелер жеке дамуды жоспарлау үшін пайдаланылады	5
		тәрбиеленушілердің 80–89%-ы барлық даму бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізді	

Р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
		тәрбиеленушілердің 70–79%-ы барлық даму бағыттары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізді	
		70%-дан кем немесе деректердің болмауы/дұрыс еместігі	
17	Үлгілік қағидаларға сәйкес оқу жылының басында жас тобына ауыстыру және оны қалыптастыру бойынша талаптардың сақталуы	меңгеру мерзімі сақталған	5
		меңгеру мерзімін бұзбайтын бірлі-жарым ауытқулар	
		ұйымдастырушылық сипаттағы жекелеген ауытқулар	
		меңгеру мерзімі сақталмаған (МЖМБС-ты бұзу)	
18	Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту	ата-аналарды тарту ұйымдастырылған және жүйелі негізде жүзеге асырылады; жұмыстың әртүрлі нысандары өткізіледі; ата-аналардың қатысуы мен өзара іс-қимыл нәтижелері құжаттамада көрсетілген.	5
		ата-аналарды тарту жүзеге асырылады; жұмыс нысандары іске асырылады; ресімдеуге немесе тіркеуге қойылатын талаптардың бұзылуы анықталған.	
		ата-аналарды тартудың жекелеген нысандары өткізіледі; жүйелілік жоқ не ата-аналардың қатысуы расталмайды	
		ата-аналарды тарту бойынша жұмыс ұйымдастырылмаған	
Материалдық-техникалық жарақтандыруға қойылатын өлшемшарттар			
19	Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) жарақтандыру нормаларына (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары) сәйкестігі	кемінде 90% сәйкестік	5
		80–89% сәйкестік	
		70–79% сәйкестік	
		жарақтандыру нормаларына сәйкес келмеу (70%-дан кем немесе міндетті элементтердің болмауы)	
20	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметті жүзеге асыратын, терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 сәуірде № 27414 болып	бейнебақылау жүйесі (ішкі және сыртқы), хабарлау жүйесі жұмыс істейді, дабыл түймесі, домофон жүйесі бар, қауіпсіздік шаралары толық көлемде іске асырылады	5
		бейнебақылау жүйесі және негізгі қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген, болмашы сәйкессіздіктер бар (ішінара қамту, жекелеген элементтер толық көлемде жұмыс істемейді).	
		бейнебақылау жүйесі не жекелеген қауіпсіздік шаралары ішінара іске асырылған (шектеулі қамту, жекелеген міндетті элементтердің болмауы).	

Р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
	тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік шарттарының сақталуы	бейнебақылау жүйесі жоқ не қауіпсіздік шарттары қамтамасыз етілмеген	
Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар			
21	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20708 болып тіркелген) сәйкес мектепалды даярлық бойынша ҮОБ-ты іске асыратын білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің болуы	бар және сәйкес келеді	5
		болмашы сәйкессіздіктер	
		ішінара сәйкес келмеу	
		жоқ не міндетті талаптарға сәйкес келмейді	
22	Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы	бар және сәйкес келеді	
		болмашы кемшіліктер	4
		ішінара қамтамасыз ету	
		жоқ не МЖМБС талаптарына сәйкес келмейді	
23	Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу және оларды пайдалану	ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу, Интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келеді	5
		ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу, Интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану білім беру процесіне әсер етпейтін жекелеген сәйкессіздіктерді (жекелеген кабинеттердің толық жарақталмауы, тұрақсыз интернет, ақпараттық білім беру ресурстарын анда-санда пайдалану) қоспағанда, заңнама талаптарына сәйкес келеді	
		ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу, Интернет желісіне қолжетімділік немесе ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнаманың жекелеген міндетті талаптарына сәйкес келмейді, бұл білім беру процесін шектейді	
		ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілу, Интернет желісіне қолжетімділік және ақпараттық білім беру ресурстарын пайдалану заңнама талаптарына сәйкес келмейді.	
24	Ресми интернет-ресурстың және edu.kz аймағында домендік атаудың болуы.	ресми интернет-ресурс жұмыс істейді, домендік атау edu.kz аймағында тіркелген, ақпарат өзекті және заңнама талаптарына сәйкес келеді	5

Р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балл
		интернет-ресурс жұмыс істейді және домендік атау edu.kz аймағында тіркелген, ақпараттың өзектілігінде немесе толықтығында жекелеген сәйкессіздіктер бар	
		интернет-ресурс бар, бірақ домендік атау edu.kz аймағына сәйкес келмейді не ақпарат толық көлемде орналастырылмаған	
		ресми интернет-ресурс жоқ	

«Wunderkind-2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директоры **Т. Жултаева**

«Wunderkind-2023» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Товарищество с ограниченной ответственностью «Wunderkind-2023»

2024 - 2025, 2025 - 2026, 2026 - 2027 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ САМООЦЕНКИ ЗА 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 УЧЕБНЫЕ ГОДЫ (по состоянию на 31 октября 2026 года)

Жітіқара қ. / г. Житикара

Содержание самооценки

№	Разделы и критерии	Стр.
1.	**Критерии общего характера**	**3**
	Критерий 1. Наличие учредительных и разрешительных документов, предоставляющих право на осуществление образовательной деятельности	4
	Критерий 2. Соответствие руководителя организации образования типовым квалификационным характеристикам должностей педагогов	4
	Критерий 3. Соответствие вида дошкольной организации номенклатуре видов организаций образования	5
	Критерий 4. Наличие утвержденных планов работ и протоколов заседаний коллегиальных органов; обеспечение условий для реализации образовательных программ	6
2.	**Критерии к кадровому составу**	**9**
	Критерий 5. Доля педагогов, имеющих высшее (послевузовское) педагогическое образование по соответствующему профилю или документ, подтверждающий педагогическую переподготовку	9
	Критерий 6. Доля педагогов, повышавших/подтверждавших уровень квалификационной категории (не реже одного раза в пять лет; руководителей – не реже одного раза в три года)	11
	Критерий 7. Доля педагогов, прошедших курсы повышения квалификации (не реже одного раза в три года)	11
3.	**Критерии к контингенту воспитанников**	**12**
	Критерий 8. Соблюдение требований при формировании возрастных групп с учетом возраста детей	12
	Критерий 9. Соблюдение требований к наполняемости возрастных групп по одновозрастному и разновозрастному принципу	12
	Критерий 10. Соблюдение требований к комплектованию групп при наличии воспитанников с особыми образовательными потребностями	13
4.	**Критерии к учебно-методической работе**	**14**
	Критерий 11. Соответствие планирования и реализации воспитательнообразовательного процесса требованиям ГОСО, ТУП и ТУПр	14
	Критерий 12. Соблюдение распорядка дня и обеспечение всех видов детской деятельности, предусмотренных ГОСО	17
	Критерий 13. Создание развивающей среды, обеспечивающей эмоциональное благополучие и развитие воспитанников	19
	Критерий 14. Создание специальных условий для получения образования детьми с ООП, а также детьми с ограниченными возможностями	22
	Критерий 15. Наличие результатов мониторинга по определению уровня усвоения содержания ТУПр	26
	Критерий 16. Проведение мероприятий по результатам контроля (стартового, промежуточного, итогового) в индивидуальной карте развития ребенка	31
	Критерий 17. Соблюдение требований по переводу и формированию возрастной группы к началу учебного года	32

	Критерий 18. Вовлечение родителей (иных законных представителей) детей в воспитательно-образовательный процесс	33
5.	**Критерии к материально-техническому обеспечению**	**36**
	Критерий 19. Соответствие оборудования и мебели нормам оснащения	36
	Критерий 20. Наличие системы видеонаблюдения и соблюдение условий безопасности	37
6.	**Критерии к учебно-методическим и цифровым ресурсам**	**39**
	Критерий 21. Наличие учебно-методических комплексов для реализации ТУПр по предшкольной подготовке	39
	Критерий 22. Наличие учебных и игровых материалов, обеспечивающих развитие коммуникативных, познавательных, интеллектуальных, творческих, двигательных и социальных навыков воспитанников	40
	Критерий 23. Обеспеченность и использование цифровых технологий в воспитательно-образовательном процессе	42
	Критерий 24. Наличие официального интернет-ресурса и доменного имени в зоне edu.kz	44
	Приложение 1. Критерии для оценивания деятельности организаций образования, реализующих общеобразовательные учебные программы дошкольного обучения и воспитания	46

1. Критерии общего характера

Общая характеристика организации образования

Наименование организации образования: Товарищество с ограниченной ответственностью «Wunderkind-2023».

Юридический адрес: Республика Казахстан, 110700, Костанайская область, Житикаринский район, город Житикара, 6 микрорайон, строение 29.

Фактический адрес: Республика Казахстан, 110700, Костанайская область, Житикаринский район, город Житикара, 6 микрорайон, строение 29.

